



UNITED NATIONS
KAZAKHSTAN



БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ



ҚАЗАҚСТАН

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2023



UNITED NATIONS
KAZAKHSTAN



БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

ҚАЗАҚСТАН

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2023

МАЗМҰНЫ

ТҰРАҚТЫ ҮЙЛЕСТІРУШІНІҢ КІРІСПЕ СӨЗІ	6
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ЕЛДІК ТОБЫ	8
ТАРАУ 1. ЕЛДІК ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР	10
ТАРАУ 2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ СЕРІКТЕСТЕР	12
ТАРАУ 3. 2023 ЖЫЛЫ БҰҰ-НЫҢ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАУЫ	14
3.1 Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы нәтижелеріне шолу	15
3.2 Негіздемелік бағдарламаның басымдықтары, түпкілікті және аралық нәтижелері	20
3.3 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі бойынша әріптестік және қызметті қаржыландыру	54
3.4 БҰҰ-ның неғұрлым ауқымды және тиімді бірлескен жұмысының нәтижелері	56
3.5 Қаржылық шолу және ресурстарды жұмылдыру	60
ТАРАУ 4. БҰҰ-НЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ	62
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР ТІЗІМІ	64



ТҰРАҚТЫ ҮЙЛЕСТІРУШІНІҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Елдік тобы (БҰҰЕТ) атынан мен назарларыңызға Біріккен Ұлттар Ұйымының 2023 жылғы елдегі қызметінің нәтижелері туралы есеп беруге қуаныштымын. Бұл есеп БҰҰЕТ-ның Қазақстан Республикасындағы ұжымдық күш-жігерінің айғағы болып, БҰҰ-ның 27 ұйымының адам құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, мемлекеттік басқаруды жақсарту, климаттың өзгеруіне қарсы күрес және жасыл экономикаға жәрдемдесу арқылы Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізудегі бірлескен жетістіктерін көрсетеді.

2023 жылы Қазақстан тұрақты даму жолында одан әрі ілгеріледі, мысалы, Көміртегі бейтараптығы стратегиясы, жаңа Әлеуметтік кодекс қабылданды, цифрлық қызметтерді инклюзивті ұсынуда жеделдетуге қол жеткізілді, осал топтар адамдардың әлеуметтік-экономикалық

құқықтарын қорғауды жақсарту бойынша шаралар қабылданды. Осы жетістіктерге жәрдемдесу үшін БҰҰ саясат мәселелері бойынша консультативтік қызметтер көрсетті және халықаралық нормалар мен стандарттарды алға тартты, сондай-ақ ТДМ ілгерілетуге бағытталған бағдарламаларды іске асырды. БҰҰ бастамалары білім беру мен денсаулық сақтау саласына қолжетімділікті кеңейтуден бастап гендерлік теңдікті ілгерілетуге және экономикалық мүмкіндіктерді, сондай-ақ адам құқықтарын кеңейтуге дейін қамтиды және олардың барлығы инклюзивті қоғам құруға бағытталған.

БҰҰ-ның Астана халықаралық форумымен, кейбір өзекті жаһандық проблемалардың шешімдерін талқылау және әзірлеу үшін әлемдік көшбасшыларды, сарапшылар мен мүдделі тараптарды біріктірген платформамен серіктестігі жылдың

жарқын оқиғасы болды. БҰҰ-ның осы форумға қатысуы біздің диалогты дамытуға, серіктестік қатынастарды құруға және ТДМ-ға қол жеткізу үшін халықаралық ынтымақтастықты қолдануға деген ұмтылысымызды көрсетеді.

Біздің 2023 жылы жетістіктеріміз Қазақстан Үкіметімен берік және тұрақты әріптестікпен нығайтылған. Бұл ынтымақтастық біздің бастамаларымызды ұлттық басымдықтармен үйлестіруде және әсерімізді барынша арттыру үшін мемлекеттік қолдауды тартуда маңызды рөл атқарды. Қазақстан Үкіметінің тұрақты даму, климаттың өзгеруіне қарсы күрес және әлеуметтік интеграцияға бейілділігі біздің ортақ жеңісіміздің іргетасына айналды, бұл бізге БҰҰ қызметінің барлық салаларында елеулі прогреске қол жеткізуге мүмкіндік берді. Біз сондай-ақ Қазақстандағы жеке сектормен және

Жаһандық шартпен әріптестігімізді едәуір кеңейттік, оған қазір 62 компания мен ұйым кіреді. Азаматтық қоғам ТДМ-ға қол жеткізу және оларды елде енгізу үшін инновациялық шешімдерді іздеудің басты тірегі болып қала береді.

Серіктестерімізге, донорларымызға және біздің қызметімізді қолдайтындардың барлығына шын жүректен алғысымды білдіремін. Болашаққа көз жүгірте отырып, біздің ұжымдық күш-жігеріміз Қазақстан халқы үшін және одан тысқары жерлерде өз жемісін беретініне сенімдімін.

Микаэла Фриберг-Стори
БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты үйлестірушісі
Наурыз 2024 жыл

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ЕЛДІК ТОБЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымы өз қызметін Қазақстанда 1993 жылдың басында, ел 1992 жылдың наурызында БҰҰ-ға кіргеннен кейін көп ұзамай бастады. Қазақстандағы БҰҰЕТ ТДМ-ға қол жеткізу үшін БҰҰ Тұрақты үйлестірушісінің басшылығымен 27 агенттік, қорлар және бағдарламалардан тұрады (оның 20-сы резидент ұйымдар болып табылады). Елдегі және өңірдегі қызметті жеңілдету үшін БҰҰ екі қалада орналасқан: Астана

және Алматы. 2023 жылы Қазақстандағы БҰҰ штатында 494 қызметкер болды, оның ішінде 427 ұлттық және 67 халықаралық маман.

Қазақстандағы БҰҰ жүйесі дамудың негізгі салаларында озық тәжірибе мен білімді жұмылдыруға қабілетті, Қазақстан Үкіметі мен халқының құқықтарға негізделген және сенімді серіктесі болып қалу мақсатына ұмтылады.



Қазақстандағы БҰҰ Елдік тобы құрамына 20 резидент ұйым:




және 7 резидент емес ұйым кіреді:





1 ЕЛДІК ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК КОНТЕКСТЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



2023 жылы Қазақстан Президенті бастамашылық еткен саяси реформаларды іске асыру жалғасты. 2023 жылы наурызда Мәжіліске, Парламенттің төменгі палатасына мерзімінен бұрын сайлауда аралас пропорционалды-мажоритарлық модель жүзеге асырылды. Тіркеу процесін жеңілдету екі жаңа саяси партияның құрылуына әкелді: кәсіпкерлер құрған «Respublica» партиясы және «Байтақ» жасылдар партиясы. Белсенді саяси науқанға қарамастан, сайлаушылардың қатысуы 2021 жылғы 63,3%-дан 54,2%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар әйелдердің Мәжілістегі өкілдігі 8%-ға төмендеді, нәтижесінде Парламенттегі әйел депутаттардың үлесі 2022 жылғы 27%-бен салыстырғанда 18,9%-ды құрады. «Аманат» билеуші партиясы саяси ландшафттағы позициясын нығайта отырып, 62 орынға ие болды. Сондай-ақ 2023 жылы сайлауда алғаш рет пилоттық 45 аудан мен облыстық бағыныстағы қалалардың әкімдері сайланды (бұрынғыдай тағайындалған жоқ), бұл неғұрлым ашық жергілікті мемлекеттік басқаруға көшуді белгіледі.

Қазақстан экономикасы Украинадағы соғыстың жағымсыз салдарларынан кейін қалпына келе бастады. 2023 жылы экономиканың өсуі 5,1%-ды құрады, ЖІӨ-нің өсуіне сауда (1,9 п.п.) және өнеркәсіп (1,26 п.п.) үлкен үлес қосты. Импорт 20%-ға 61,2 миллиард долларға дейін өсті, бұл негізінен машиналар мен жабдықтарға деген сұраныстың артуына және Ресейге экспорттың өсуіне байланысты, ал экспорттың 7%-ға 78,7 миллиард долларға дейін төмендеуі мұнай бағасының төмендеуіне байланысты. Осылайша, экономика әлі де табиғи ресурстарды өндіруге қатты тәуелді, ал экономиканың әртараптандырылуы мен күрделілігінің артуы баяу жүруде. Президент өзінің 2023 жылғы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында нақты ЖІӨ-нің ең төменгі жылдық деңгейі 6%-бен 2029 жылға қарай ұлттық экономиканы 450 млрд долларға дейін екі есеге арттыруды мақсат етіп қойды. Бұл мақсатқа жету экономикалық есудің жаңа қозғаушы күштерін және адами капиталды дамыту үшін реформаларды анықтауды талап етеді.

Инфляцияның 2023 жылдың ақпанындағы 21,3%-дан желтоқсандағы 9,8%-ға дейін күрт төмендеуіне қарамастан, бағаның өсуі халық үшін негізгі экономикалық проблема болып қала беруде. Инфляциялық қысымның төмендеуімен Ұлттық банк сұранысты ынталандыру үшін базалық пайыздық мөлшерлемені 100 базистік тармаққа 15,75%-ға дейін төмендетті. Өмір сүру құнының өсуі кедейлік шегінен төмен өмір сүретін халық санының өсуіне әкеледі. Шын мәнінде, елдегі кедейлік деңгейі 2023 жылдың үшінші тоқсанында 5,6% құрады, бұл 2020 жылдың сол кезеңінен бергі ең жоғары деңгей. Сонымен қатар 2023 жылғы желтоқсанда жүргізілген «Қазақстанды тыңдай отырып» сауалнамасына сәйкес, респонденттердің 57%-ы жұмысынан айырылғанына немесе оны таба алмайтындығына алаңдаушылық білдірді. Бұған жауап ретінде Үкімет бір жыл ішінде әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларын кеңейтті және инновациялық шешім — Отбасының цифрлық картасы арқылы әлеуметтік қорғаумен қамтуды жақсартты.

Қазақстан 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму саласындағы күн тәртібіне берік ұстанымын көрсетеді. Алайда қолжетімді және таза энергия және климаттың өзгеруіне қарсы күрес сияқты ТДМ салаларында күрделі мәселелер сақталуда. Ел жан басына шаққандағы парниктік газдар шығарындыларын шығаратын 20 ірі елдің қатарына кіреді және климаттың өзгеруінің әсеріне осал болып қала береді. Қазақстан 2060 жылға дейін Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын қабылдап, өзінің ұлттық айқындалатын үлесін қайта қарап, КС-28 шеңберінде метан бойынша Жаһандық міндеттемеге қосыла отырып, парниктік газдар шығарындыларын қысқартуға міндеттеме алды.

 ЖІӨ: \$261 млрд

 ЖІӨ нақты өсуі: 5,1%

 Инфляция: 9,8%

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ СЕРІКТЕСТЕР



Тұрақты дамуға қол жеткізу мүдделі тараптардың кең ауқымының үлесіне байланысты. БҰҰ-ның Қазақстанға қолдауы көптеген құнды серіктестердің: ұлттық, өңірлік және жергілікті деңгейлердегі үкіметтік мекемелер, азаматтық қоғам ұйымдары (АҚҰ), жеке сектор кәсіпорындары, екіжақты және көпжақты донорлар, сондай-ақ ғылыми орталар мен халықаралық қаржы мекемелерінің (ХҚМ) ынтымақтастығы арқасында ғана мүмкін болды. Әрбір мүдделі тарап адам құқықтарына негізделген саясатты ілгерілету, дамуды тұрақты қолдауға ықпал ету және назардан тыс қалу қаупі бар маргиналды топтар қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады. Осы есепте келтірілген нәтижелер серіктестердің таптырмас үлесінің дәлелі болып табылады және олардың атсалысуымен ғана жүзеге асырылды.

Қазақстан Үкіметі 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму басымдықтары мен күн тәртібін іске асыруда БҰҰ-ның негізгі серіктесі болып табылады. БҰҰ жұмысының нәтижелері Қазақстан халқына тиесілі, осыған байланысты БҰҰ жұмысы Қазақстанның мақсаттары мен басымдықтарымен келісіледі. Үкімет пен БҰҰ арасындағы белсенді ынтымақтастық тек бағдарламаларды іске асыруға ғана қатысты емес. Үкімет БҰҰ мандатын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін біздің ең ірі қаржылық донорларымыздың бірі болып табылады. 2023 жылы Қазақстан Премьер-Министрдің және бес ведомстволық жұмыс тобының («5Р» ТДМ тәсіліне сәйкес) қолдауымен ТДМ Үйлестіру кеңесінің жұмыс істеуі, сондай-ақ ТДМ мониторингі жөніндегі Парламенттік комиссия құру арқылы ТДМ-на бейілділігін растады, бұл ұлттық деңгейде тұрақты дамуды ілгерілету жөніндегі күш-жігердің өзара үйлесімін көрсетеді.


Қазақстандағы БҰҰЕТ саясатты әзірлеу, жоспарлау және ТДМ іске асырудың барлық кезеңдерінде АҚҰ-ның белсенді қатысуына

ықпал етуге ұмтылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 23335 АҚҰ тіркелген. БҰҰЕТ азаматтық қоғаммен төрт негізгі бағыт бойынша ынтымақтасады: 1) БҰҰ бастамаларын стратегиялық жоспарлауға жәрдемдесу, 2) саяси әріптестік орнату, 3) ақпараттық-түсіндіру қызметіне қатысу және 4) әртүрлі бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға АҚҰ-ны белсенді тарту. Бұл көп қырлы өзара іс қимыл БҰҰЕТ-ның Қазақстандағы тұрақты дамуға неғұрлым кешенді және тиімді көзқарас үшін азаматтық қоғамның бірегей күшті жақтары мен көзқарастарын пайдалануға ұмтылысын растайды.

2023 жылы жеке сектормен ынтымақтастық елдік топ үшін басты басымдыққа айналды, бұл тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде БҰҰ-ның бизнес-сектормен өзара іс-қимылын күшейтудің стратегиялық міндеттемесінің көрінісі болып табылады. Жеке кәсіпорындардың экономикалық өсуді, инновацияны және әлеуметтік әсерді ынталандырудағы негізгі рөлін мойындай отырып, БҰҰ ресурстар, тәжірибе және бизнес инновацияларын пайдаланады. 2023 жылы компаниялардың саны 7-ден 62-ге дейін өскен Жаһандық шартпен ынтымақтастық осы мақсат үшін өте маңызды болды.



3 2023 ЖЫЛЫ БҰҰ-НЫҢ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАУЫ



3.1 Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы нәтижелеріне шолу

2020 жылы 12 тамызда қол қойылған «2021-2025 жылдарға арналған тұрақты даму мақсатындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы» (бұдан әрі - Негіздемелік бағдарлама, ТДМЫНБ) БҰҰ мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың стратегиялық түйінді қағидаттары мен басымдықтарын айқындайды. Негіздемелік бағдарламаға Қазақстан Үкіметі мен БҰҰ-ның Тұрақты үйлестірушісі, сондай-ақ БҰҰ-ның 25 құрылымы бірлесіп қол қойды. Негіздемелік бағдарламаға басшылықты Премьер-Министрдің орынбасары және БҰҰ-ның Тұрақты үйлестірушісі тең төрағалық ететін жоғары деңгейдегі Негіздемелік бағдарламаның Басқарушы комитеті жүзеге асырады.

Негіздемелік бағдарлама «Ешкімді назардан тыс қалдырмау» (LNOB) қағидаты негізінде экологиялық тұрақтылық пен гендерлік-сезімтал бағдарламаларды белсенді түрде ілгерілетеді. Ол елдік контекстке бейімделген және тұрақты даму үшін қолайлы саяси орта құруда ұлттық билік органдары мен саясаткерлердің әлеуетін нығайтудағы БҰҰ-ның нормативтік рөлін көрсетеді.

Негіздемелік бағдарлама үш стратегиялық басымдықтар (компоненттер) бойынша құрылған:

- 1) **Адамдар әлеуетін кеңейту:** адами капиталды дамыту және әлеуметтік қызметтер;
- 2) **Тиімді басқару:** тиімді институттар, адам құқықтары және гендерлік теңдік;
- 3) **Тұрақты экономикалық даму:** инклюзивті экономикалық өсу және экологиялық тұрақтылық.

Әрбір стратегиялық басымдық (компонент) екі түпкілікті нәтижеге ие:

► **Түпкі нәтиже 1.1:** 2025 жылға қарай тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар Қазақстанда тұратын барлық адамдар, әсіресе ең осал топтар үшін «ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидатына сәйкес сапалы және әлеуметтік қызметтердің гендерлік аспектілерін ескеретін тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін болады.

Басымдық 1

► **Түпкі нәтиже 1.2:** 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе осал топтар, елдің тұрақты дамуына тең дәрежеде үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыға ие болады.

Басымдық 2

► **Түпкі нәтиже 2.1:** 2025 жылға қарай Қазақстанда адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітушілік, зорлық-зомбылық және қауіп-қатерден азат өмір, сондай-ақ шешімдер қабылдауға тең құқылы қатысу қамтамасыз етіледі.

► **Түпкі нәтиже 2.2:** 2025 жылға қарай барлық деңгейдегі мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдерге негізделген гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты тиімді әзірлеп, жүзеге асыратын және жан-жақты, ашық және есеп беретін түрде сапалы қызметтер көрсететін болады.

Басымдық 3

► **Түпкі нәтиже 3.1:** 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе неғұрлым осал топтар өндірістік әлеуетті нығайта отырып, инклюзивті, берік және тұрақты экономикалық даму нәтижелерін, тұрақты және лайықты жұмыс, өмір сүруге қаражат алу және бизнес жүргізу үшін дағдылар мен тең мүмкіндіктерді пайдаланатын болады.

► **Түпкі нәтиже 3.2:** 2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, атап айтқанда, неғұрлым осал топтар климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны тұрақты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандарды тұрақты дамыту нәтижелерін пайдаланатын болады.




БҰҰ 2023 жылы жүзеге асырылған барлық алты түпкілікті нәтиже мен 215 іс-шараның ілгерілеуін тіркеді және маргиналдану, азық-түлік қауіпсіздігі, адам құқықтары, гендерлік теңдік, әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоршаған орта және басқалармен байланысты тәуекелдерді азайтуға үлес қосты. 2023 жылы іс-шаралардың төрттен үш бөлігі ТДМ 1 (17,16%), ТДМ 5 (13,03%), ТДМ 16 (11,27%), ТДМ 4 (9,29%) және ТДМ 3 (8,73%) жетістіктерін қамтамасыз етуге бағытталған еді. Қол жеткізілген нәтижелер ТДМ-ның трансформациялық сипатын және ұлттық басымдықтарға — «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Әділетті Қазақстан — бәріміз және әрқайсысымыз үшін. Қазір және әрдайым» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары, «Он ұлттық жоба», «2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы», «2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы» және басқа да салалық стратегияларға табиғи сәйкестігін көрсетеді.

Төмендегі суретте ең үлкен қаржы бөлінген ТДМ-нің бес бағыты көрсетілген. Бағыттар мен нәтижелер бойынша одан әрі бөлуді «Қаржылық шолу және ресурстарды жұмылдыру» бөлімінен табуға болады.

2023 жылғы шығыстар үлесі бойынша топ-5 ТДМ



Әрбір ТДМ бойынша іс-шаралар үлесі



2023 жылғы іс-шаралар саны.

- ТДМ 1: Кедейлікті жою
- ТДМ 1: Аштықты жою
- ТДМ 3: Жақсы денсаулық және амандық
- ТДМ 4: Сапалы білім
- ТДМ 5: Гендерлік теңдік
- ТДМ 6: Таза су және санитария
- ТДМ 7: Арзан және таза энергия
- ТДМ 8: Лайықты жұмыс және экономикалық өсу
- ТДМ 9: Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым
- ТДМ 10: Теңсіздікті азайту
- ТДМ 11: Тұрақты қалалар мен елді мекендер
- ТДМ 12: Жауапты тұтыну және өндіріс
- ТДМ 13: Климаттың өзгеруімен күрес
- ТДМ 14: Теңіз экожүйелерін сақтау
- ТДМ 15: Құрлық экожүйелерін сақтау
- ТДМ 15: Бейбітшілік, сот төрелігі және тиімді институттар
- ТДМ 17: Тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік

«Жарық сәулесі» бастамасы



2023 жылы гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі жетекші бастама – ЕО мен БҰҰ-ның Орталық Азия үшін «Жарық сәулесі» бастамасының бірлескен өңірлік бағдарламасы аяқталды, онда өзара іс-қимылдың барлық бес саласында табысқа қол жеткізілді.

Бағдарламаның негізгі нәтижелері келесідей:

► ЗАҢНАМА ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Бағдарлама шеңберінде Орталық Азия елдерінде жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылық (ЖГЗ) бойынша ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттармен үйлестіруді бақылау және Орталық Азия елдерінде ЖГЗ-ға ден қою шараларын күшейту үшін кешенді тәсіл, жол картасы және талдамалық құрал әзірленді: диалогтар мен өңірлік іс-шаралар шеңберінде жүздеген сарапшылардың қатысуымен барлығы тоғыз басшылық пен ақпараттық өнімдер дайындалды.

► ИНСТИТУТТАРДЫ НЫҒАЙТУ

Өңірдегі тұңғыш Гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі Орталық Азия альянсы саяси және ерікті міндеттемелерге негізделген және азаматтық қоғам, мемлекеттік мекемелер және басқа да тиісті мүдделі тараптар арасындағы пікірталастар үшін қауіпсіз кеңістікті қамтамасыз ететін механизм ретінде құрылды. Сонымен қатар жоба зардап шеккендерге арналған мамандандырылған қызметтерді қаржыландыру бойынша нұсқаулықтарды, виртуалды білім платформасын және гендерлік зорлық-зомбылыққа көп салалы әрекет ету бойынша стандартты операциялық процедураларды (СОП) әзірледі. Осы саясат пен СОП шеңберінде жүздеген бенефициарлардың әлеуеті нығайтылды, сондай-ақ әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау үшін полиция әрекеттеріне қатысты нормаларды белгілеу үшін диалогтық платформалар, желілер және тәжірибешілер қоғамдастықтары құрылды.

► ӘЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАР, КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚПЕН ЖҰМЫС

БҰҰ бірнеше бастамаларды, соның ішінде Медиа академия, өңірлік пікірталастар, TikTok науқаны және 400-ден астам белсенділер мен қоғамдық пікір көшбасшыларын қамтитын түрлі науқандарды жүзеге асырды. Сондай-ақ ер адамдар арнайы коммуникация жоспары және еркектерді тарту бойынша практикалық

нұсқаулық арқылы қатыстырылды. Орталық Азияда 12 миллионнан астам адам «HeforShe» науқаны аясында, оның ішінде арнайы бейнероликтер мен өнімдер арқылы гендерлік теңдік туралы хабардарлығын арттырды. БҰҰ миллионнан астам адамға гендерлік зорлық-зомбылыққа деген көзқарасын «Не молчи» науқаны арқылы өзгертуге әсер етті (соның ішінде тоғыз деректі драма және бір деректі фильм арқылы). Жалпы алғанда, 15 миллионнан астам адам әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты тоқтатуға ықпал ету үшін әлеуметтік нормалардың оң өзгерістері туралы хабардарлығын арттырды.

► ДЕРЕКТЕРДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТЫ ЖОЮ

Бағдарлама трансформацияға жол ашып, озық оқыту бағдарламаларын (kNOwVAWdata курсы) іске қосты, цифрлық құралдарды («IT зорлық-зомбылыққа қарсы» цифрлық науқаны) құрды, гендерлік зорлық-зомбылық деректерінің көздерін алғаш рет сәйкестендірді, гендерлік зорлық-зомбылықтың таралуы туралы кешенді есепті жариялады және таратты, сондай-ақ дәстүрлі түрде назардан тыс қалған әйелдерге назар аудара отырып, кемсітушіліктің қиылысатын түрлері мен деректердегі олқылықтар зерделенген бастапқы сапалы зерттеулер жүргізді. Барлық өнімдер гендерлік зорлық-зомбылықпен күресу үшін цифрлық құралдарды пайдалануда жүздеген бенефициарлардың дағдыларын дамытуға ықпал етті.

► АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН ӨҢІРЛІК ӘЙЕЛДЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІН НЫҒАЙТУ

Бағдарлама арқасында БҰҰ мен ЕО 500-ден астам азаматтық қоғам ұйымдарын біріктіріп, АҚҰ өңірлік желісін құрды. АҚҰ желісі АҚҰ мен сарапшылар қауымдастығы арасындағы өңірлік онлайн-диалогқа ықпал етіп, қажетті құқықтық реформалар бойынша ұсыныстарды талқылады және ұйымдардың институционалдық нығаюын күшейтті. Сондай-ақ шағын гранттардың арнайы бағдарламасы арқылы АҚҰ әлеуеті нығайтылды және 4000-нан астам АҚҰ белсенділері оқудан өтті.

3.2 Негіздемелік бағдарламаның басымдықтары, түпкілікті және аралық нәтижелері

ТҮПКІ НӘТИЖЕ 1.1

2025 жылға қарай тиімді, инклюзивті және есеп беретін институттар Қазақстанда тұратын барлық адамдар, әсіресе ең осал топтар үшін «ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидатына сәйкес сапалы және әлеуметтік қызметтердің гендерлік аспектілерін ескеретін тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін болады.



Мемлекеттік органдардың 60 өкілі босқындарды қорғау мәселелері бойынша оқудан өтті



Әлеуметтік кодекс қабылданды



1000 астам белсенділер мен мамандардың әлеуеті нығайтылды



Ұлттық зертханалық саясат пен стратегия, сондай-ақ 2023-2025 жж. арналған ҚР халқын иммундаудың ұлттық жүйесін жетілдіру жоспары қабылданды



5000-нан астам медицина қызметкері оқытылды, адам папиллома вирусына (АПВ) қарсы вакцинация бағдарламасы енгізілді



Мектептің 9 548 қызметкері мектептегі тамақтану бағдарламасына қатысты

ТДМЫНБ іске асырудың үшінші жылы болып табылатын 2023 жылы Қазақстандағы БҰҰ әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу тұрғысынан артта қалған барлық топтардың инклюзивтілігі мен тең мүмкіндіктеріне жәрдемдесу арқылы Қазақстан халқының әлеуметтік қауіпсіздігін арттыру жөніндегі ауқымды бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды қолдау және үйлестіру арқылы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосуды жалғастырды. Денсаулық сақтау, әлеуметтік интеграция, гендерлік теңдік және білім беру саласындағы маңызды жақсартулар ТДМ қол жеткізуде одан әрі ілгерілеудің берік негізін қалады.

Денсаулық сақтау жүйелері мен медициналық көмекке қолжетімділік жақсарды

БҰҰ тиімді ұлттық денсаулық сақтау саясатын құруда маңызды рөл атқарды. Үкіметтің «Бірыңғай денсаулық» тұжырымдамасы шеңберінде жануарлар мен адам денсаулығын сақтау секторлары арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге арналған Ұлттық зертханалық саясат пен стратегияны мақұлдауы маңызды жетістік болды. Бұл тұжырымдама Қазақстанға зооноздық инфекциялармен және климаттың өзгеруінің денсаулыққа әсерімен тиімді күресуге мүмкіндік береді.

БҰҰ сонымен қатар денсаулық сақтаудың әртүрлі салаларында (инфекцияларды алдын алу және бақылау, микробқа қарсы тұрақтылық және денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелері, темекіге қарсы күрес, соның ішінде 20 өңірлік АИТВ-ның алдын алу орталықтарынан 40 маманды оқыту) 5000-нан астам медицина қызметкерлерін оқытты, бұл барлығына медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға тікелей ықпал етеді. БҰҰ күш-жігерінің арқасында енді Қазақстандағы 190 клиника жастарға қолайлы денсаулық орталықтарының жаңа стандартын қолдануда.



Түпкі нәтиже 1.1 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



Қазақстан босқындар мен азаматтығы жоқ адамдардың өмірін жақсарту жөніндегі міндеттемені өзіне алды

Әр төрт жыл сайын өткізілетін Босқындар мәселелері жөніндегі жаһандық форум (GRF) босқындар мәселелері жөніндегі ең ірі халықаралық конференция болып табылады және елдер, гуманитарлық және даму ұйымдары, жеке сектор, ғылыми топтар, БҰҰ агенттіктеріне және т.б. босқындар мен азаматтығы жоқ адамдардың өмірін жақсарту бойынша нақты міндеттемелер қабылдауға мүмкіндік береді.

2023 жылғы іс-шарада Қазақстан Үкіметі өзіне бес міндеттеме алды: аумаққа кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін шекарада қайта бағыттау рәсімдерін белгілеу, сондай-ақ босқындарға азаматтармен тең дәрежеде медициналық қызмет көрсетуге, жұмысқа орналасуға, білім алуға және әлеуметтік көмекке қол жеткізуге мүмкіндік беру.

БҰҰ-ның бүкіл әлем бойынша 49 басқа Елдік топтарымен бірге Қазақстандағы БҰҰЕТ БҰҰ 2.0 Жалпы міндеттемесіне қосылды және пана іздеушілер, босқындар мен азаматтығы жоқ адамдардың қадір-қасиеті мен өзіне деген сенімділігін қорғауға, көтермелеуге және құрметтеуге, сондай-ақ БҰҰ бағдарламалары мен жобаларына бұрынғыдан да көбірек қатысу, БҰҰЕТ ауқымында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту және БҰҰ ішкі талдамалық шеңберлерін бейімдеу арқасында олардың қазақстандық қоғамға интеграциясын күшейтуге міндеттеме алды.



БҰҰ Елдік тобы сонымен қатар үкіметті 2023-2025 жылдарға арналған Ұлттық иммундау жүйесін жетілдіру жөніндегі кешенді жоспарды қабылдауда қолдады, бұл иммундауды жақсарту арқылы елдің барлық балалар халқына (17 жасқа дейінгі 5,6 миллион адам) тікелей пайда әкеледі.

Ең осал топтарға баса назар аудара отырып, БҰҰ АИТВ алдын алу және емдеу жөніндегі ұлттық күш-жігерді жандандыра отырып, АИТВ-ға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023-2026 жылдарға арналған Жол картасын бастады, бұл антиретровирустық терапиямен кеңейтілген қамтуға қол жеткізу арқылы 25642 адамның өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді (2010 жылы — 1333 адам).

Қазақстанда 11 жасар қыздарға арналған адам папиллома вирусына (АПВ) қарсы вакцинация бағдарламасын енгізу БҰҰ тарапынан техникалық және қаржылық үлеспен қолдау тапқан профилактикалық медициналық көмек саласында айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Бұл бастама Қазақстандағы әйелдер арасында жатыр мойны обырымен аурудың төмендеуіне айтарлықтай әсер етеді деп күтілуде.

БҰҰ сонымен қатар 8228-ден астам пациентке (оның ішінде сирек кездесетін аурулармен ауыратын 113 балаға) өмірлік маңызды дәрі-дәрмектерді сатып алуға ықпал етті, бұл негізгі медициналық қызметтерге қолжетімділікті жақсартуға деген ұмтылысын көрсетті. Бұл күш-жігер пациенттерге қажетті емдеуді қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттік бюджетті үнемдеуге әкелді. Сонымен қатар БҰҰ репродуктивті құқықтар туралы денсаулық және психикалық/интеллектуалдық ауытқулары бар адамдар пайдалана алатын түсінуге оңай материалдар дайындады.

Әлеуметтік қорғауды күшейту

БҰҰ 2023 жылы 1 шілдеде Қазақстанда қабылданған тарихтағы алғашқы шоғырландырылған Әлеуметтік кодекске белсенді саяси қолдау көрсетті, бұл елдегі халықтың барлық осал топтары үшін әлеуметтік саясаттың жүйеленуіне және тиімділігін арттыруға тікелей әсер етеді. БҰҰ Елдік тобы нақты құрылымдардың қолдауынан басқа, осы құжат бойынша диалог пен консультацияларға ықпал ете отырып, Әлеуметтік кодекстің әртүрлі аспектілері бойынша бірлескен арнайы ұсыныстар берді.

БҰҰ Қазақстанды атаулы әлеуметтік көмектің ең төменгі күнкөріс деңгейінен жан басына шаққандағы орташа табысқа көшуінде қолдады, бұл осал адамдар мен отбасыларды қамтуды кеңейтуге мүмкіндік береді. Сол сияқты, БҰҰ мүгедектігі бар адамдарға арналған тарифтік саясатты қайта қарауды қолдап, әлеуметтік қызметтер жүйелерінде жан басына шаққандағы тұрақты қаржыландыруға көшуге негіз қалап, осылайша субсидиялардың атаулылығы мен тиімділігін жақсартты.

БҰҰ-ның ақпараттық-түсіндіру күш-жігері мен саяси қолдауы Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенцияға қосымша хаттаманы бекітуге ықпал етті, бұл Қазақстанның мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен әл-ауқатын ілгерілетуге бейімділігінің айғағы болып табылады. Сондай-ақ 150 отбасына (Қазақстанның 582 тұрғыны, оның ішінде 362 бала) өз бетінше тұру технологияларын пайдалануда көмек көрсету және мүгедектігі бар адамдардың өмірі мен жұмыспен қамтылуын неғұрлым тәуелсіз етуге жәрдемдесу жөніндегі пилоттық бағдарламалар іске қосылды. БҰҰ сонымен қатар еліміздің бес өңіріндегі 30 жасар денсаулық орталығында жастарды онлайн емдеу ауқымын кеңейтуді жалғастырды. Оған қоса мүгедектігі бар адамдарға арналған 65 әлеуметтік қызмет жеткізушісі гендерлік зорлық-зомбылыққа ұшыраған мүгедектігі бар адамдарға көп секторлы әрекет ету (КСӘ) әдістеріне оқытылды.

Босқындарды қорғауды жақсарту

«Ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидатын ұстанған мемлекеттік органдардың 60 өкілі БҰҰ-ның халықаралық заңнама және босқындарды қорғау тәжірибесі бойынша ұйымдастырған оқыту сессияларына қатысты. БҰҰ сонымен қатар Үкіметке белсенді саяси қолдау көрсетуді жалғастыруда, оның ішінде шекараны қайта бағыттаудың тиімді тетіктері мен баспана беру процедуралары, сондай-ақ босқындар мен баспана іздеушілердің тиісті әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету енді.

БҰҰ пана іздеушілер мен босқындардың ең осал 171 отбасына көпмақсатты ақшалай гранттар табыстап (465 адам қамтылды), оларға негізгі қажеттіліктерге қол жеткізуге көмектесті.

Қосымша әлеуметтік көмек бағдарламалары 251 босқын мен пана іздеушіге медициналық қызметтер мен психологиялық қолдауға қол жеткізуге көмектесті.

БҰҰ Босқындар мәртебесі туралы конвенцияларға қатысушы ретінде ұлттық заңнаманың Қазақстанның міндеттемелеріне сәйкестігін қамтамасыз етуде үкіметті қолдай отырып, ҚР-ның 2023-2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасын әзірлеуге техникалық көмек көрсетті.

Әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту және гендерлік зорлық-зомбылық туралы хабардарлықты арттыру

2023 жылы БҰҰ күш-жігерінің негізгі бағыттарының бірі гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және Қазақстандағы әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту болды. БҰҰ қолдауымен Гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі Орталық Азия альянсының құрылуының арқасында гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы өңірлік ынтымақтастықта айтарлықтай ілгерілеушілік болды. Екі конференцияға Орталық Азиядағы гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы стратегиялық жоспарларды анықтау және прогресті бағалау үшін 280 астам мүдделі тараптар қатысты. Бұдан басқа, гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күрес саясатының халықаралық стандарттарын ілгерілету және ықпал ету үшін гендерлік зорлық-зомбылық және адам құқықтары саласында жұмыс істейтін Орталық Азия азаматтық қоғамы ұйымдарының 500 өкілінің әлеуеті нығайтылды. «Жарық сәулесі» бастамасы аясында 2020 жылдан бастап БҰҰ Орталық Азиядағы 7 млн адам арасында салауатты еркектік пен гендерлік теңдік туралы хабардарлықты арттырды және Орталық Азиядағы 35 млн әйел мен қызға пайда әкелуі мүмкін білім алмасу үшін өңірлік платформа құрды. 2023 жылы гендерлік зорлықты алдын алу және гендерлік зорлыққа сектораралық ден қою мәселелері бойынша әртүрлі саладан кем дегенде 250 маман (журналистер, мемлекеттік органдар және т.б.) оқытылды.

Білім беру, отбасын жоспарлау және цифрлық қамтуды жақсарту

БҰҰ білім беруді ілгерілетуде және Қазақстанда цифрлық технологияларды енгізуде маңызды рөл атқарды. Халықтың негізгі топтарындағы жастарға арналған цифрлық білім мен дағдылар платформасы әзірленді, ол жастарға өз әл-ауқаты туралы негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік бере отырып, денсаулық жыныс және қарым-қатынас туралы маңызды ақпарат береді. БҰҰ сонымен қатар 954 мектеп қызметкерлерін және денсаулық туралы білім алған 429000 астам әлеуметтік желі қолданушыларын қамтитын мектептегі тамақтанудың пилоттық бағдарламасын іске қосты («Суперқаһармандарға арналған мәзір» рецепттер кітабы). Оған қоса БҰҰ Қазақстанның 350 компаниясында отбасы құндылықтарына бағытталған саясатты ілгерілетуде.

БҰҰ отбасын жоспарлаудың клиникалық хаттамасын, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетушілерге арналған тәжірибелік нұсқаулықты әзірлеу және 195 медицина қызметкеріне семинарлар өткізу арқылы ғылыми негізделген отбасын жоспарлауды қолдады. Гендерлік зорлық-зомбылықты бастан өткерген адамдарға медициналық көмек көрсету бойынша оқу бағдарламаларының пакетін енгізу есебінен оқу орындарының әлеуеті нығайтылды. БҰҰ сонымен қатар FAST қаһармандары бағдарламасын іске қосты, онда 800 астам адам инсульт белгілерін тануды үйренді.



Кедергілерді жою: Еленаның АИТВ-мен ауыратын әйелдердің жағдайын жақсарту миссиясы

Он жылдан астам уақыт бойы АИТВ-позитивті мәртебесімен өмір сүрген Елена Растокина табандылықтың символы болып табылады. Оның ЮНЭЙДС және «Answer» қоғамдық ұйымымен бірлесе жұмыс істеуі АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың мүдделерін қорғап және үкіметтің ең жоғары деңгейлердегі саясатына әсер етіп бүкіл ел бойынша әсерін тигізді.

«БҰҰ ұсыныстар мен қолдау көрсетуде маңызды рөл атқарды, — дейді Елена, — маған өз мүмкіндіктерімді және соның салдарынан менің қоғамдастығымды кеңейтуге мүмкіндік берді». Оның күш-жігері айтарлықтай өзгерістерге әкелді, атап айтқанда, ЮНЭЙДС қаржыландыратын тәлімгерлік бағдарламасының арқасында ол тек 2023 жылы 200 жуық әйелге қолдау көрсетті. Бұл бастама АИТВ-мен ауыратын әйелдерге өзін-өзі төмен бағалауды жеңуге, өз мәртебесін қабылдауға, жұмыс табуға және абыюзивті қарым-қатынастан бас тартуға көмектеседі.

Еленаның жолы қоғамдық ұйымдар мен БҰҰ сияқты жаһандық ұйымдардың бірлескен күш-жігері елеулі әлеуметтік өзгерістерге қалай әкелетінін көрсете отырып, қоғамдастықтың қарқынды дамуының катализаторы ретінде жеке өсудің күшіне айғақ.

ТҮПКИ НӘТИЖЕ 1.2

2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе осал топтар, елдің тұрақты дамуына тең дәрежеде үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыға ие болады



15 жас босқын жоғары білім алды



15 329 жас адам STEM біліктілігін арттырудан өтті



Орталық Азияда **20 млн** астам адам гендерлік зомбылық туралы хабардарлығын арттырды



Репродуктивті денсаулық саласында **15 000** астам әйел көмек алды



5 000 оқушы мен оқытушы өздерінің критикалық маңызды цифрлық дағдыларын жетілдірді

2023 жылы БҰҰ Елдік тобы елдің тұрақты дамуына өз үлесін қосу үшін білім мен дағдылар тұрғысынан барлық қазақстандықтарға мүмкіндіктер ашуды жалғастырды. БҰҰ назардан тыс қалу қаупі бар адамдарға, соның ішінде босқындарға, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға, осал әйелдер мен балаларға және басқаларға назар аударады. Денсаулық сақтау, білім беру, гендерлік теңдік, экологиялық тұрақтылық, цифрлық инновациялар және әлеуметтік интеграцияны қоса алғанда, БҰҰ-ның әртүрлі салалардағы ұжымдық күш-жігері Қазақстанның түрлі қоғамдастықтарының әл-ауқаты мен мүмкіндіктерін айтарлықтай жақсартуға ықпал етті.

Денсаулық сақтау саласындағы дағдылар жақсарды

Денсаулық – өмір сапасы мен әл-ауқаттың маңызды факторларының бірі. Қазақстанда денсаулық сақтауды жақсарту және тұрақты әлеуметтік өсуді қолдау үшін БҰҰ 5000 астам адамға медициналық тексеру қызметтерін ұсыну және ақпараттық науқандар жүргізу, сондай-ақ әлеуметтік желілерде жастар арасынан 324200 адамды қамту арқылы жұқпалы емес аурулармен күресу бойынша бастамаларды басқарды. Сондай-ақ АИТВ-мен өмір сүретін 1200 әйел мен жасөспірімді, олардың өмірін өзгертетін күтім және қолдау қызметтерін қамтитын АИТВ алдын алу мен емдеуді жақсартуға қол жеткізді. АИТВ алдын алу, жыныстық және репродуктивті денсаулық, психоактивті заттарды қолдануды алдын алу және т.б. салаларда 4784 жасөспірімнің дағдылары жақсарды. БҰҰ сонымен қатар түрмелердегі адамдардың денсаулығына қатысты 15 негізгі іс-шараның кешенді тізімін дайындады және 32 медицина қызметкерін оны қолдануға үйретті.

Сонымен қатар БҰҰ жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы ақпарат пен білімге толық және тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жұмыс жасады. Қазақстан бойынша жастар арасынан 9000 астам адам (оның ішінде Орталық Азиядан 27 адам) Y-PEER іс-шараларына қатысу арқылы жыныстық және репродуктивті денсаулық (ЖРД), гендер, гендерлік зорлық-зомбылық, зиянды әлеуметтік нормалар мен стереотиптер туралы білімдерін кеңейтті. Сол тақырыптағы медиа-науқан

Отбасының цифрлық картасы

Қазақстанда 5,9 млн отбасының 980 мыңнан астамы зейнетақы және әлеуметтік көмек сияқты маңызды жеңілдіктерді қоса алғанда, ресми табысы жоқ. 2022 жылы тек 127,6 мың отбасы атаулы әлеуметтік көмек алды, тағы 3 млн азамат әлеуметтік осал санатқа жатады. Бұл осал топтарды анықтау негізінен қағазбастылыққа және қолжетімді қолдау бағдарламалары туралы хабардарлықтың болмауына байланысты қиын болды, бұл әлеуметтік қорғау жүйелерін пайдалануды қиындатады.

Әлеуметтік қорғаудағы осы олқылықтарды жою үшін Қазақстан «Отбасының цифрлық картасы» бастамасын ұсынды. БҰҰДБ басқаратын және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен серіктестікте іске қосылған бұл онлайн платформа мұқтаж отбасыларды анықтауда және оларға көмек көрсетуде шешуші рөл атқарады. Екі кезеңде жүзеге асырылатын бастама барлық 5,9 миллион отбасының әл-ауқатын бағалау үшін олардың жағдайын цифрландырудан басталды.

Кейінгі бағалау 80 астам әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді зерттей отырып, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, қаржы, сот төрелігі және ауыл шаруашылығы сияқты аспектілерді қамтыды. Отбасының осалдығын бағалау жөніндегі деректерді өңдегеннен кейін «Отбасының цифрлық картасы» автоматты түрде мемлекеттік қолдау шараларына бастамашылық жасайды, жауапты мемлекеттік органды айқындайды және электрондық үкімет арқылы қызметті проактивті режимде ұсынады, бұл азаматтардың әрбір қызметке жеке-жеке жүгіну қажеттілігін жояды. Сонымен қатар бастама шеңберінде цифрландырылған ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін әлеуметтік қызметкерлерге

арналған мобильді қолданба іске қосылды, бұл істерді ұйымдастыру және ақпаратты өңдеу үшін қажетті уақытты қысқартады, сондай-ақ күнделікті мониторинг, есептілік және қызметтерді тағайындау кезінде үлкен тиімділік пен ашықтықты қамтамасыз етеді.

2030 жылға қарай серіктестіктер мен қаржыландырудың инновациялық тетіктері БҰҰ табыстылығының ажырамас бөлігі болып қала береді. Ынтымақтастыққа жәрдемдесу және ресурстарды жұмылдыру арқылы біз 2030 жылға дейінгі Күн тәртібіндегі міндеттерді шешіп қана қоймай, сонымен қатар шекаралар мен ұрпақтар шегінен тыс тұрақты даму жоспарын құрамыз.



Түпкі нәтиже 1.2 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



материалдары 160 мың қаралым жинады. Мектеп оқушыларына өмірлік дағдыларды, соның ішінде жыныстық білім беруді үйрету үшін 57 мұғалімнің әлеуеті нығайтылды. Оған қоса үш жетекші оқу орнына мұғалімдерді даярлаудың оқу бағдарламасына кешенді жыныстық білім беруді енгізу бөлігінде қолдау көрсетілді.

Ерте білім беру мен цифрлық оқытуды жақсарту

Қазақстандағы БҰҰ Елдік тобы STEM саласында 15329 жастардың (оның ішінде 53% қыздар) дағдыларын дамытуды қолдады, әрі мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырды, нәтижесінде 2500 бала сапалы білім алды. Сондай-ақ 300 оқытушыға салауатты өмір салты мәселелері бойынша білім берілді. БҰҰ 800 босқын балаға формалды білім беру жүйелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін инклюзивті білім беру саясатын алға тартты. Оған қоса ата-аналарға қолдау көрсетілді – олардың 46423 әлеуметтік желілерден балалардың ерте дамуы туралы білді. UPSHIFT дағдыларды дамыту бағдарламасы (әлеуметтік инновациялар мен әлеуметтік кәсіпкерлікке баса назар аудара отырып, өмірлік дағдылар мен құзыреттер) одан әрі дамыды: бағдарламаға 101 оқу орнынан 3600 жасөспірім қатысты, ал 700 бала Akeilus сауаттылық бағдарламасымен (мигранттар мен басқа балалар үшін) қамтылды. Осы іс-шаралардың барлығы осал адамдардың өмірлік таңдауын жақсарту, инклюзивтілікті қамтамасыз ету және елдің дамуы үшін үздік халықаралық білім беру тәжірибелерін пайдалануға әкелді.

Оқытудың заманауи және тиімді әдістемелерін ілгерілету үшін БҰҰ күшімен ауылдық мектептер үшін цифрлық байланыс кеңейтіліп, екі оқу орнына (514 оқушы) жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізуге мүмкіндік берілді. БҰҰ сонымен қатар 5000 оқушы мен мұғалімге маңызды цифрлық дағдыларды ұсына отырып, цифрлық сауаттылық бағдарламаларын енгізді.

Гендерлік теңдік және әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту

БҰҰ ауылдық жерлерде және қалаларда 15000 әйел мен қызға көмек көрсету арқылы репродуктивті денсаулық қызметтерін қолдады. Сондай-ақ 10000 астам адамды ақпараттық-ағартушылық іс-шараларға және қолдау қызметтеріне (соның ішінде «MenEngage» бағдарламасы арқылы ер адамдар, сондай-ақ

еріктілер, мемлекеттік органдар өкілдері мен мамандар) тарта отырып, гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы науқандар өткізілді, 20 млн адам Орталық Азиядағы гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін тоқтатуға шақыратын «HeForShe» және «Сен жалғыз емессің» науқандарымен қамтылды. 2023 жылы құрылған гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы виртуалды платформа Орталық Азиядағы барлық әйелдерге гендерлік зорлықты алдын алу бойынша СОП, әдістемелер, оқу материалдары мен құралдары саласындағы өз әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді. Жүздеген АҚҰ, сарапшылар мен әйелдер бұл ресурсты пайдаланып үлгерді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының және медресенің 40 маманы зорлық-зомбылықтан аман қалған мұсылман әйелдерге психологиялық қолдау көрсету бойынша оқудан өтті. БҰҰ сонымен қатар 2023 жылы Қазақстанның төрағалығымен Орталық Азия әйелдерінің диалогына ықпал етіп, 100 астам әйел жоғары деңгейдегі кездесулерге қатысты.

Босқындар үшін өмірлік таңдау мүмкіндіктерін кеңейту

Босқындар мәртебесі туралы конвенцияға сәйкес босқындар мемлекеттік бастауыш және орта білімге қол жеткізе алады, бірақ әлі де жоғары білімге қол жеткізе алмайды, бұл олардың болашақта ресми және тұрақты жұмыс табу мүмкіндіктерін шектейді. БҰҰ, DAFI және Болон процесі сияқты халықаралық стипендиялық бағдарламалардың қолдауымен 2023 жылы 15 жас босқын жоғары білім алды.

БҰҰ бастамасы бойынша Қазақстан Ғылым министрлігі 2024 жылға қарай жоғары білім алу үшін стипендиялар бағдарламасы шеңберінде квота енгізуге міндеттенді, бұл жоғары білім алуға құқығы бар босқындарға жоғары білім алуға және Қазақстан экономикасы мен қоғамына өз үлесін қосуға мүмкіндік береді. Оған қоса БҰҰ 500 мигранттың жұмысқа орналасуына және қоғамға бейімделуге (ақшалай көмек) тікелей көмектесу арқылы мигранттарды интеграциялау бағдарламаларына ықпал етті.



Ясамин арманы

Бір жасында Қазақстанда босқын болған Ясамин дәрігер болуды армандады. Алайда мемлекеттік грантқа үміткер болу мүмкіндігіне ие бола алмай, университетте оқу ақысын төлеу мүмкін емес болып көрінді. Болон процесі, БҰҰ және Қазақстан Үкіметінің стипендиясы арқасында Ясамин қазір әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалпы медицинаны оқып жатыр.

Көптеген қиындықтарға қарамастан, Ясамин әрқашан өз мақсатынан бас тартқан жоқ. Оның жалпы медицина бағдарламасына түсуі бетбұрыс болды. «БҰҰ үміт шамына айналды», — дейді ол стипендия алуға көмектескен қолдауды мойындай отырып.

Ясамин – 2023 жылы Үкіметтің қолдауымен іске қосылған осы стипендиялық бағдарлама бойынша оқитын Қазақстандағы алғашқы студенттердің бірі. Білім беру мен өмірді өзгертуге халықаралық көмектің күшін бейнелейтін Ясамин жолы – жеке жеңіс және жаһандық ынтымақтастықтың символы.

ТҮПКИ НӘТИЖЕ 2.1

2025 жылға қарай Қазақстанда адам құқықтарын қорғау және толық іске асыру, гендерлік теңдік және кемсітушілік, зорлық-зомбылық және қауіп-қатерден азат өмір, сондай-ақ шешімдер қабылдауға тең құқылы қатысу қамтамасыз етіледі.



1,3 млн адам балаларға қатысты зорлық-зомбылықты алдын алу бойынша хабардар болды



АИТВ-мен ауыратын **436** әйел көшбасшылық және өзіне-өзі көмектесу дағдыларына ие болды



Журналистік дағдыларды жетілдіруге қолдау көрсетілді



Ұлттық мақсатты профильдеу орталығы ашылып, **821** маман оқытылды



664 адам жеке басын куәландыратын құжаттарды алды



Тұтқындардың құқықтары жақсы қорғалады — **5 593** маман оқытылды

2023 жылы БҰҰ Қазақстанда адам құқықтарына, гендерлік теңдікке жәрдемдесуге және кемсітушіліктен азат өмірді қамтамасыз етуге қатысты. БҰҰ-ның күш-жігері техникалық қолдау көрсету, саясатты өзгерту, заңнамаға өзгерістер енгізу және ұлттық басымдықтар мен ТДМ-ға сәйкес цифрлық құралдар мен қызметтерді ұсынуға бағытталған. Осы күш-жігерден туындаған саясаттағы өзгерістер адам құқықтарын қорғау және гендерлік теңдікті ілгерілету үшін сенімді негіз құра отырып, Қазақстандағы заңнамалық тұғырнамаға айтарлықтай әсер етті. Мұндай кешенді тәсіл БҰҰ-ның тұрақты дамуды қамтамасыз етуге және Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бейілділігін атап көрсетеді.

Құқықтарға баса назар аударып, заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету жақсартылды

БҰҰ күш-жігерінің арқасында Ұлттық мақсатты профильдеу орталығы құрылды және есірткінің заңсыз айналымы мен киберқылмыспен күресу үшін 821 маман дайындалды, бұл әртүрлі деңгейдегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге пайдалы. Нәтижесінде 2023 жылы БҰҰ-да оқыған қызметкерлер шекарадан 940 кг есірткі заттарын тәркіледі. Сондай-ақ БҰҰ халықаралық стандарттарға сәйкес полицияны модернизациялауды, синтетикалық есірткіге қатысты тергеу жүргізу әлеуетін жақсартуды және қоғамдастықтардағы адам құқықтарын қорғауды жақсартуды 2023 жылы 60 полиция қызметкерін оқыту арқылы қолдады. БҰҰ қолдауымен 460 астам құқық қорғау органдарының өкілдері криптовалюта мен блокчейнге қатысты қылмыстарды жақсырақ зерттеп, оларға қарсы тұруда. Қазақстанда БҰҰ қолдауымен адам саудасына қарсы күрес туралы заң қабылданды, әрі БҰҰ құрбандарға бағытталған тәсіл бойынша полиция қызметкерлері, прокурорлар және судьяларға арналған тренингтер сериясын өткізді.

Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесі жетілдірілді

БҰҰ Қазақстанның мемлекеттік құрылымдарын Еуразиялық топтың ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы



Түпкі нәтиже 2.1 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



іс-қимылдың (АЖ/ТҚҚІ) қазақстандық жүйесін өзара бағалау жүйесіне дайындауда сараптамалық қолдау көрсетті. Сонымен қатар БҰҰ тобы бірлесіп 5 дөңгелек үстел, негізгі серіктестермен жоғары деңгейде 12 кездесу өткізді, 7 оқу курсы әзірлеп өткізді. Құқық қорғау органдары Академиясының оқу бағдарламасына екі курс енгізілген. 150-ден астам маман бірқатар оқу курстарынан өтті.

2023 жылы Еуразиялық топтың жалпы отырысы барысында Қазақстан АЖ/ТҚҚІ халықаралық стандарттары бойынша ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарының сақталуын өзара бағалау туралы есеп ұсынды. Қазақстанның өзара бағалауының табысты нәтижелері елдегі АЖ/ТҚҚІ жүйесінің халықаралық стандарттарға, қаржы жүйесін қорғауға және көлеңкелі экономиканы қысқартуға сәйкестігін көрсетеді.

Тұтқындар құқықтарын қорғауды жақсарту

Бүгінгі таңда қылмыстық-атқару мекемелеріндегі адамдардың құқықтары жақсы қорғалған. БҰҰ түрме қызметкерлері мен пробация қызметтері үшін тұтқындармен жұмыс істеудің минималды стандартты ережелері бойынша ауқымды оқыту бағдарламаларын бастады (Нельсон Мандела ережелері) – тек 2023 жылы 5593 қызметкер оқудан өтті. БҰҰ қолдауымен Қазақстан сондай-ақ әскери экстремистер мен шетелдік содыр-террористер қатарынан қамаудағыларды босатқаннан кейін мониторинг және пробация бағдарламасын іске қосты.

Азаматтығы жоқтықты азайту

2023 жылы Қазақстан үкіметі, БҰҰ және АҚҰ-дан ұлттық серіктестердің қолдауымен азаматтығы белгісіз 664 адам білім беру, денсаулық сақтау, жұмысқа орналасу және жүріп-тұру еркіндігі сияқты негізгі құқықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін жеке басын куәландыратын ресми құжаттарды алды.

БҰҰ азаматтық және пана мәселелерімен айналысатын 80 астам мемлекеттік қызметкерлерге арнайы дәрістер өткізіп, азаматтығы жоқ адамдар мен күштеп қоныс аударған адамдарды қорғаудың ұлттық және халықаралық стандарттарын түсінуге көмектесті.

Босқындар мәселелері жөніндегі Жаһандық форумда Қазақстан Үкіметі 2024 жылы

натурализация арқылы азаматтығы жоқтықты қысқарту және азаматтығы жоқ адамдар санын қысқарту үшін заңнамалық кепілдіктер белгілеуге міндеттенді.

Әйелдер құқығын қорғау

Қазақстандағы және Орталық Азияның басқа елдеріндегі әйелдер гендерлік теңдікті ілгерілету және Әйелдер істері жөніндегі ұлттық тетікті қолдау, «Теңдік ұрпағы» өңірлік форумын өткізу, сондай-ақ 370 адам (әйелдердің 80%-ы) қатысқан Орталық Азиядағы әйелдер диалогын өткізу және мемлекеттің гендерлік теңдік үшін технологиялар мен инновациялар саласындағы міндеттемелерін, сондай-ақ гендерлік зорлық-зомбылық пен әйелдерге, бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатысты құқықтық реформалар бойынша мемлекеттік органдар мен азаматтық белсенділердің шамамен 150 өкілі үшін білім беру сессиялары іске қосу арқылы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін бірікті. Жеке сектордағы 25 серіктес әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту қағидалары туралы көбірек біледі, ал 8 компания өз жұмысында осы қағидаларды қолдану туралы келісімге қол қойды. АИТВ-мен ауыратын 436 әйел «ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидасына сүйене отырып, көшбасшылық және өзіне-өзі көмектесу дағдыларына ие болды.

Балалар құқықтарын қорғау

БҰҰ қолдауы мен күш-жігерінің арқасында балаларды зорлық-зомбылық пен суицидті алдын алудан қорғаудың Ұлттық жоспары қабылданды және балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен суицидті алдын алу үшін оң мінез-құлық туралы 1,3 миллион адам хабардар болды, ал 2,4 миллион бірегей TikTok пайдаланушылары буллингты алдын алу бойынша киберкеңістіктегі сессияларға қосылды. БҰҰ-ның түсіндіру және техникалық қолдауы Қазақстанның БҰҰ Бала құқықтары туралы конвенциясына Факультативтік хаттаманы бекітуіне ықпал етті, бұл балаларға ұлттық сот төрелігі жүйесінен тыс олардың құқықтарының бұзылуына шағым беруге мүмкіндік береді. Орталық Азияның төрт елінен 232 қатысушыны жинаған Әкелер форумы бала тәрбиесінің жаңа үлгілері мен оң отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттады. БҰҰ Отбасын қолдау орталықтарын құруды қолдады және 90 интернаттық мейірбике мамандары өз жұмыстарын отбасыларға көмек пен қолдау көрсетуге бағыттау үшін оқытылды. Бұл бала күтімінің институционалдыдан отбасылық моделіне көшуге және заңнамалық реформа



Әлеуметтік кәсіпкерлікте технология мен қамқорлықты біріктіру

Әсем Тәжиева өзінің әлеуметтік стартапы – Ozim платформасы көмегімен бала күтімі саласында төңкеріс жасауда. Бұл мобильді қолданба ата-аналарға, соның ішінде мүгедектігі бар балалары бар адамдарға білім беру мен денсаулық сақтауға қатысты ТДМ 3 және ТДМ 4 сәйкес маңызды ақпарат береді. Оның кәсіпкерлік жолы Қазақстанның Астана қаласында өткен EXPO 2023 әйелдер кәсіпкерлігі көрмесіне қатысуға әкелді.

Әсемнің жобасы гендерлік теңдікке, инклюзивтілікке және әділеттілікке – БҰҰ күн тәртібіне сәйкес келетін қағидаларға негізделген. «БҰҰ агенттіктерімен жұмыс жасай отырып, біз тиімді шешімдерді әзірлеу үшін жаһандық ресурстар мен білімді біріктіреміз», - дейді ол. Ozim платформасы оның проблемаларды шешуге белсенді көзқарасын көрсетеді. ЮНИСЕФ қолдауымен Ozim платформасы халықаралық цифрлық қоғамдық игіліктер (DPG) мәртебесіне ие болды. DPG жобалары үлкен әлеуметтік мәнге ие және DPG мәртебесі жобаларға жаһандық мәселелерді шешу үшін халықаралық тануға және қолдауға көмектеседі.

Әсем жаһандық мәселелерді шешу үшін жеке күш-жігерден бастау керек деп санайды. Оның 60 астам әйел кәсіпкерлерден тұратын бес үздік стартаптар арасында тәлімгерлік ету үшін таңдалған EXPO аясындағы БҰҰ-Әйелдер сателлиттік іс-шарасынан шабыт алған хикаясы жеке бастаманың маңызды әлеуметтік әсерге қалай әкелетінін көрсетеді.

арқылы кәсіби патронаттық тәрбиені енгізуге ықпал етеді. Сонымен қатар қақтығыс аймақтарынан оралған балалармен жұмыс істейтін 170-тен астам маман оқытылды, бұл 400 астам балаға гендерлік сезімтал қызметтердің жақсаруына әкелді.

Журналистикада кәсібилікті арттыру және цифрлық технологиялармен қамтуды кеңейту

Қазақстанда журналистика әлеуетін кешенді нығайту елдегі журналистік кәсібилікті арттыру, журналистердің цифрлық мүмкіндіктерін дамыту, нақты тақырыптарды (мысалы, терроризмді) жария ету, БАҚ-тың өміршеңдігі көрсеткіштерін қадағалау, журналистер қауіпсіздігі, сондай-ақ журналистер құқықтарын қолдауды (бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистика бойынша нұсқаулықтар мен әдістемелік ұсынымдар) және журналистикамен байланысты нормативтік-құқықтық базадағы халықаралық стандарттарды ілгерілетуді қамтамасыз етеді. Бірнеше агенттіктердің бірлескен күш-жігері білім беруде, әсіресе цифрлық сауаттылық пен инклюзивтілікте, сондай-ақ шалғай аудандардағы балалар мен мұғалімдердің сапалы білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізуін қамтамасыз етуде айтарлықтай нәтижелерге әкелді.



ТҮПКІ НӘТИЖЕ 2.2

2025 жылға қарай барлық деңгейдегі мемлекеттік институттар адам құқықтары мен дәлелдерге негізделген гендерлік аспектілерді ескеретін мемлекеттік саясатты тиімді әзірлеп, жүзеге асыратын және жан-жақты, ашық және есеп беретін түрде сапалы қызметтер көрсететін болады.



ТДМ мониторингі жөніндегі Парламенттік комиссияға қолдау көрсетілді



Реформаларды іске асыру үшін **2 500** әкімнің және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерінің біліктілігі арттырылды



10 000 адамға медициналық көмектің сапасы жақсартылды



Ұлттық статистикалық жүйеге жаһандық бағалау жүргізілді



900 жуық АҚҰ белсенділері гендерлік зорлық зомбылықты алдын алу және оған қарсы әрекет ету саласында жақсы дайындалған



Бизнес және адам құқықтары мәселелері бойынша алғашқы ұлттық базалық бағалау жүргізілді



Үкімет қызметінде жария есеп берудің және ашықтықтың үш жаңа тетігі қабылданды

Төменде келтірілген нәтижелер инклюзивті, гендерлік-сезімтал және нақты деректер мен адам құқықтарына негізделген мемлекеттік саясат пен қызметтерді іске асыру үшін Қазақстандағы мемлекеттік мекемелердің әлеуетін нығайту бойынша БҰҰ-ның түрлі агенттіктерінің келісілген күш-жігерін білдіреді.

Жергілікті басқару әлеуеті құрылды

БҰҰ Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспарын мақұлдауды, бизнес және адам құқықтары мәселелері бойынша алғашқы ұлттық базалық бағалауды жүргізуді және ТДМ іске асырылуын бақылау жөніндегі парламенттік комиссияның жұмысын қолдауды қоса алғанда, негізгі бастамаларға жәрдемдесті. Сонымен қатар Ұлттық экономика министрлігімен ынтымақтастықта Қазақстанның барлық 17 облысында қалалық және ауылдық аудандардан 2500 әкім мен мемлекеттік органдардың өкілдері реформаларды іске асыру үшін мемлекеттік қызметтерді басқару және ұсыну дағдыларына ие болды. Ауылдық елді мекендері бар барлық 166 аудан қамтылды, бұл мемлекеттік қызметтерді неғұрлым тиімді көрсету үшін жергілікті атқарушы органдардың мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Оған қоса мемлекеттік органдардың 340 өкілі цифрлық құралдар арқылы мемлекеттік қызметтерді басқару мен ұсынуда неғұрлым қолайлы инновациялық тәсілдерді айқындау үшін өз әлеуетін нығайтты. Соңғы мәліметтер бойынша, азаматтардың мемлекеттік қызметтерге қанағаттануы халық арасында 75,4%-дан 81,2%-ға дейін өсті.

Неғұрлым тиімді инклюзивті басқару

Агенттіктер күш-жігері осы саясатты қабылдауды ғана емес, сонымен бірге тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарды. Бұл ынтымақтастық 500 астам саясаткерлер мен азаматтық қоғам өкілдерін мазмұнды диалогқа тартқан бес ұлттық конференция ұйымдастыруға дейін кеңейді. Қоғамдастықты тарту бойынша күш-жігердің артуы 40 астам қоғамдық форумдар ұйымдастыруға әкелді, оған 5000 жуық адам қатысты. Бұл форумдар маргиналды топтардың дауысын күшейтуде және олардың көзқарастарын саясатты әзірлеу процестеріне біріктіруде шешуші рөл атқарды.



Түпкі нәтиже 2.2 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



БҰҰ күш-жігері басқарудың маңызды реформаларына әкелді: кері байланыс үрдісіне 2000 астам азаматты тікелей тарта отырып, мемлекеттік сектор қызметінде есеп беру мен ашықтықтың үш жаңа тетігі құрылды. Сонымен қатар 20 семинар сериясы өткізілді, оған 800 астам мемлекеттік шенеуніктер мен мүдделі тараптар қатысты, олар мемлекеттік қызметтерді ұсынуда ғылыми негізделген тәсілдерді біріктіруге бағытталған. Бұл бастамалар әсіресе ауылдық және аз қамтылған аудандарда мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігінің айтарлықтай жақсаруына ықпал етті. Сондай-ақ БҰҰ мемлекеттік басқарудың жергілікті және республикалық деңгейінде жоспарлауға гендерлік-сезімтал бюджеттеуді енгізуді қолдады. БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталыққа, Ішкі істер министрлігіне, Конституциялық сотқа және Әділет министрлігіне құқық қорғау тәсілін қабылдауда, Ұлттық алдын алу тетігін құруда, ӘМШ ұсынымдарын орындауда қолдау көрсетуді жалғастырды – мұның бәрі Қазақстанға басқарудың неғұрлым тиімді және адам құқықтарына негізделген моделін құруға алып келеді.

БҰҰ қолдаған Ұлттық статистикалық жүйені жаһандық бағалау Қазақстандағы статистикалық жүйені реформалау мен жетілдірудің жолын айқындайды. Сондай-ақ ТМД-ның 10 елінен 130 маман санақ, деректерді тарату және пайдалану әдістемелеріне оқытылды (Қазақстаннан – 35 адам). БҰҰ Қазақстан Үкіметіне елдегі ТДМ бюджеттеу мен қаржыландыруды қадағалауға мүмкіндік беретін ТДМ қаржыландырудың ақпараттық панелін әзірлеуге айтарлықтай қолдау көрсеткенін атап өту маңызды.

Денсаулық сақтау секторын цифрлық трансформациялауды күшейту

Ғылыми негізделген тәжірибені біріктіру денсаулық сақтау мен білімге бағытталған 10 пилоттық жобаны іске қосуға әкелді, бұл қызмет көрсетудің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру арқылы 10 мыңнан астам бенефициарға тікелей әсер етті. Сонымен қатар БҰҰ қолдауымен тиісті органдар медициналық сақтандыру жүйесінің сапасын, бейімделуін және тиімділігін арттыратын бес әдістемелік ұсынымдар мен екі техникалық ерекшеліктерді қарастырды. Денсаулық сақтау саласында 15 медицина қызметкері осал топтармен, соның ішінде ер адамдармен жыныстық

қатынасқа түсетін ер адамдармен (ЕЖЕ) және секс-жұмыскерлермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдірді. Сол сияқты, Маңғыстау облысында Маңғыстау ЖИТС-орталығының 15 қызметкері оқудан өтті, ал ЕЖЕ 6 аутрич-қызметкері 100 ЕЖЕ-ден астам арасында АИТВ туралы хабардарлықты арттыру мақсатында оқытылды. БҰҰ ЖҚТБ-ның жаһандық бақылауы үшін 80 көрсеткішті ұсынуға көмектесу арқылы АИТВ деректерін жинауды қолдады, сондай-ақ 40 маманды оқытты, бұл осы саладағы ғылыми негізделген саясаттың жақсаруына әкелді.

Гендерлік саясатты енгізу

Бір жыл ішінде біз гендерлік теңдік пен адам құқықтарына басымдық беретін 15 жаңа саяси шеңбердің қабылдануы мен іске асырылуына куә болдық. Бұл шеңберлер әртүрлі салаларда заңнамалық және әкімшілік реформаларды жүргізуде маңызды рөл атқарды. БҰҰ-ның осындай саяси қолдауы әртүрлі қатысушылардың әлеуетін нығайтуға қолдау көрсетті. Мысалы, 105 офлайн және 292 онлайн кәсіпқой және белсенді қазіргі уақытта төтенше жағдайлар мен бітімгершілікте гендерлік саясат пен әйелдер көшбасшылығы дағдыларына ие; 430 өңірлік АҚҰ көшбасшылары диалогқа қатысып, гендерлік теңдік саласындағы азаматтық қоғам субъектілері ретінде өздерінің әлеуетін арттырды. БҰҰ сегіз өңірдегі шығармашылық индустрияның 54 өкіліне гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бойынша хабардарлықты арттыру және үйлестірілген іс-қимылдарды ілгерілету мақсатында семинарлар дайындады және өткізді. Сонымен қатар 180 маман демографиялық тенденциялар мен отбасылық саясатты талдау құралдарына ие. Әйелдер құқығын қорғау үшін БҰҰ инклюзивті білім беру ортасын құруға ұмтыла отырып, кемсітушілікке қарсы және гендерлік бағдарланған мазмұндағы білім беру материалдарын тексеруді қолдады. kNOWVAWdata курсы 35 қатысушы бітірді, жетеуі біліктілікті арттыру сертификаттарын алды. Үкімет пен азаматтық қоғам арасында 200 астам АҚҰ-ның 450 астам қатысушысымен 15 кездесу, сондай-ақ АҚҰ-ның 80 өкілі мен 40 мүдделі тараптың қатысуымен екі өңірлік кездесу арқылы гендерлік зорлық-зомбылық мәселелері бойынша кері байланыс кеңейтілді. БҰҰ гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік ауқымды науқанды қолдады, оның барысында миллионнан астам адам түрлі іс-шаралармен қамтылды, бұл әлеуметтік нормалардың өзгеруіне, соның ішінде Қазақстандағы халықаралық қоғамдастықпен бірлескен өзара іс-қимылға ықпал етті.



Жаһандық көзқарас, жергілікті әсер: пробацияны оқыту стандарттарын арттыру

Қостанай академиясының пробация қызметінің оқу орталығының жетекшісі Райгүл Мұхтыбаева БҰҰ ЕҚБ бағдарламасының арқасында Қазақстанда пробация қызметін трансформациялауда маңызды рөл атқарды. Бұл ынтымақтастық Академия жұмысын түбегейлі өзгертіп, халықаралық тәжірибе әкелді әрі техникалық мүмкіндіктерді жақсартты.

Райгүл басшылығымен діни экстремизм мен терроризм бойынша оқу модульдерін әзірлеу маңызды жетістік болды. Тағы бір маңызды жетістік Нельсон Мандела ережелерін қазақ тіліне аудару болды, бұл оларды қызметкерлердің 70%-на ана тілінде қолжетімді етті. «Бұл ережелерді қазақ тілінде енгізу тереңірек түсіну мен байланыс үшін өте маңызды болды», - деп есептейді Райгүл.

Райгүл пробация қызметіне ұзақ мерзімді әсер ету үшін өз білімін болашақ ұрпаққа беруге бел буады. «Менің мақсатым — бұл оқытуды болашақ мамандарымыздың құрылымына енгізу», — дейді ол.

Бұл күш-жігер ЕО-БҰҰ жаһандық бастамасының бөлігі болып табылады, ол қазірдің өзінде 1000 астам түрме қызметкерлері мен пробация қызметкерлерінің әскери экстремистер қатарындағы тұтқындарды басқару және қайта біріктіру дағдыларын нығайтуға мүмкіндік берді.

Ақпараттық-түсіндіру қызметін және деректерді жинауды жақсарту

БҰҰ адам саудасы туралы заңды әзірлеу процесінде жан-жақты қолдау көрсетті. Сондай-ақ Үкіметке пилоттық өңірлердегі мигранттарды біріктіру үшін экономикалық, мәдени және білім беру кедергілерін талдау арқылы қолдау көрсетілді. Бала құқықтары саласында БҰҰ балалардың әл-ауқатының индексі (ол балалардың проблемаларын шешуге бюджет қаражатын талдайды) және бала құқықтарының мониторингі – Қазақстанда балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге құқықтарға негізделген және кешенді тәсілді қалыптастыратын қызмет бойынша кең қолдау көрсетуді жалғастырды. Оған қоса жастар өз тәжірибелерімен бөлісіп, құрдастарының мүмкіндіктерін кеңейтті: 145 қатысушы жеке тартылды, 146000 - әлеуметтік желілерде және 150 мыңнан астам бейнеролик қаралды.



ТҮПКИ НӘТИЖЕ 3.1

2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, әсіресе неғұрлым осал топтар өндірістік әлеуетті нығайта отырып, инклюзивті, берік және тұрақты экономикалық даму нәтижелерін, тұрақты және лайықты жұмыс істеу, өмір сүруге қаражат алу және бизнес жүргізу үшін дағдылар мен тең мүмкіндіктерді пайдаланатын болады.



2300 астам ШОБ трансшекаралық талаптарға сәйкестігін жақсартты



Қазақстанда **27** ауған әйелдері мен қыздары жоғары білім алды



170 мүдделі тарап арасында ауыл шаруашылығы әдістері туралы білім деңгейі жетілдірілді



Әділ көшу, шығармашылық индустриялар және экологиялық тұрақтылықты құру саласындағы жүздеген саясаткерлер мен мамандардың әлеуеті нығайды



«Орталық Азия қақпасы» сауда порталы іске қосылды



200 астам адам іскерлік мүмкіндіктерін кеңейтті

2023 жылы БҰҰ мемлекеттік қызметкерлер, кәсіпкерлер, фермерлер және басқа да адамдардың дағдыларын дамыта отырып, Қазақстандағы инклюзивті, орнықты және тұрақты экономикалық дамуды қолдауды жалғастырды. БҰҰ халықтың осал топтарының құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, гендерлік теңдікке және экологиялық тұрақтылыққа жәрдемдесуге назар аударды, бұл БҰҰ-ның Қазақстанның даму мақсаттарын қолдауға көп қырлы көзқарасын көрсетеді.

Іскерлік дағдыларды дамыту

БҰҰ жүздеген адамдар үшін бизнес пен тұрақты жұмыс үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Мысалы, 85 астам әйел кәсіпкерлер өз бизнестерін Entrepreneurship Satellite EXPO көрмесінде көрсете алды, бұл танымалдылықты арттыруға мүмкіндік берді және әйелдер басқаратын кәсіпорындар үшін байланыс орнату мүмкіндіктерін кеңейтті. БҰҰ ұсынған «жасыл» қаржыландыру және гранттар бағдарламаларының арқасында Қазақстанда 40 «жасыл» жұмыс орны құрылды, осылайша ШОБ тұрақтылығын арттыруға жәрдемдеседі. Туристік саланың 100 астам өкілі, оның ішінде 63 әйел оқытылды, бұл тұрақты туризм (экотуризм) қызметтерінің сапасын арттыруға мүмкіндік берді. БҰҰ 33 студент пен 18 оқытушыға, ең алдымен әйелдер мен қыздарға кәсіпкерлік пен цифрлық инновацияларды дамыту мәселелері бойынша тренинг өткізу арқылы стартаптар экожүйесін нығайту бойынша жұмыс жасады. БҰҰ сонымен қатар 2023 жылы стартаптар байқауын бастады.

Сонымен қатар Солтүстік Қазақстанда 500 адам өндірісте және тұрмыста экологиялық таза биоотынды пайдалану бойынша білім мен дағдыларға ие болды; Қазақстанда көміртекті бейтарап жылыту технологияларына қол жеткізу және бір мезгілде тұрақты биомасса өндірісін құру мақсатында биоотынды жағудың тиімділігін көрсететін екі пилоттық жоба іске асырылуда. Бұл іс-шаралар экологиялық тұрақты шешімдер қабылдауға және Қазақстанда баламалы энергия көздерін кеңінен пайдалануға ықпал етеді. 2023 жылдың ортасында Қазақстандағы баламалы энергетиканың үлесі 4,5%-ды құрады, ал 2030 жылы бұл көрсеткішті 10%-ға дейін арттыру жоспарлануда. Айта кету керек, жасыл экономика тұжырымдамасының түпкілікті жобасы Үкіметке ұсынылды.



Түпкі нәтиже 3.1 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



Су мәселесі бойынша шешім жолдарын анықтау: Қазақстан

Қазақстан қазірдің өзінде су ресурстарының тапшылығы мәселесіне тап болды, бұл ресурстардың жартысына жуығы елден тыс жерде орналасқандығымен ушығып отыр. Қоршаған орта және климаттың өзгеруі жөніндегі тақырыптық коалиция, БҰҰ-Су ресурстары, ЮНЕП, БҰҰ ЕЭК, ОААДӨО, БҰҰДБ, ФАО, ЮНИСЕФ, ЮНДР, ХЕҰ, ЮНЕСКО және ТҮК Қазақстанда ТДМ 6-ға қол жеткізудің ағымдағы жай-күйін бағалау, олқылықтар мен мәселелерді анықтау, сондай-ақ әр мекеменің бірегей тәжірибесі мен ресурстарын пайдалана отырып, бірлескен әрекеттерді іздеу мақсатында бейресми ведомствоаралық талқылауды ұйымдастырды. Топ жұмысының нәтижесі Қазақстан Үкіметіне ұсынылған жаңа Су кодексінің жобасы бойынша «Бірыңғай БҰҰ» шоғырландырылған ұсынымдары болды.



Саясатты әзірлеу саласындағы әлеуетті арттыру

БҰҰ экономикалық және жергілікті даму саясатын әзірлеу, әділ көшу, шығармашылық индустриялар, сондай-ақ бизнестің экологиялық тұрақтылығы мәселелері бойынша саясаткерлер мен мамандардың әлеуетін нығайтты. Субөңірлік семинардың 32 қатысушысы институционалдық әлеует пен саясат негіздері саласында тереңірек түсіністік пен дағдыларға ие болды. Оған қоса БҰҰ Қазақстандағы экономикалық даму саясаты саласындағы озық тәжірибені зерделеуге және енгізуге ықпал ете отырып, білім алмасуға және саясатты әзірлеуге жәрдемдесу мақсатында 6 жоғары дәрежелі министрлер мен парламент мүшелері үшін таныстыру сапарын өткізді. БҰҰ көптеген ақпараттық өнімдер, саяси талдау, әділ көшу, мәдени мұра, цифрлық сауаттылық дағдылары, көлік инфрақұрылымы және басқа салалар бойынша сауалнамалар мен зерттеулер арқылы экономикалық даму диалогын дамытуды жалғастыруда.

Сауда және көлік байланыстарын дамытуға жәрдемдесу

Айта кету керек, БҰҰ көптеген кездесулер, әлеуетті арттыру шаралары мен зерттеулерді ұйымдастыра отырып, сауда рәсімдерін жеңілдету бойынша диалогты белсенді қолдады. 2023 жылы БҰҰ Орталық Азияның бес еліндегі сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі ұлттық порталдардың ақпаратын біріктіретін және операторларға өнімнің ерекшелігін ескере отырып, трансшекаралық сауданың рәсімделуі туралы ақпаратқа оңай қол жеткізуге мүмкіндік беретін, оларды салыстыруға және үйлестіруге айтарлықтай ықпал ететін өңірлік платформа – «Орталық Азия қақпасы» (Central Asia Gateway) сауда порталын іске қосты. QazTrade-пен бірлесіп, 2300 астам қатысушы үшін әлеуетті арттыру бойынша ондаған іс-шараларды ұйымдастыру ШОБ-тың трансшекаралық сауда саласындағы талаптарға сәйкестігін арттыруға ықпал етті. Қазақстан тұрақты, климаттық жағдайларға бейімделген және экономикалық тұрғыдан тиімді көлік инфрақұрылымы желілерін құруға бағытталған жобалардың бенефициар елдерінің қатарына кіреді. Аталған жобалар тиімділікті үйлестіру және бағалау тетіктерін құру арқылы Еуразиялық ішкі көлік дәліздері өтетін елдерді қолдауға бағытталған.

Бұдан басқа, Орталық Азия елдерінің тұрақты қалалық мобильділік саясатын әзірлеудегі әлеуетін нығайту жөніндегі жоба шеңберінде Қазақстан ForFITS моделін қолдана отырып, болашақта CO2 шығарындылары мен энергия тұтынуды бағалауды пайдалана алды. Бұл бағалау автомобильдерді ортақ қолдану және карпулинг сияқты бастамалардың көліктің тұрақты дамуына әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді.

Жақсы өмірді таңдауда халықтың осал топтарын қолдау

«Ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидатына сәйкес БҰҰ осал топтардың экономикалық және әлеуметтік өмірге қатысуын қамтамасыз ету үшін күш-жігерді көптеген халық топтарына бағыттады. Ауғанстандық 27 әйел мен қыз Қазақстанның жоғары оқу орындарында толық оқу үрдісінен өтіп бітірді, бұл гендерлік теңдік пен мүмкіндіктерді кеңейту жолындағы қадам болды. Сонымен қатар БҰҰ-ның 500 бенефициарға көрсеткен осалдығын бағалау және гуманитарлық көмек БҰҰ-ның мигранттардың әл-ауқаты мен интеграциясын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесін атап өтті.

Ауыл шаруашылығы және ауылдық аудандарды дамыту

Ауыл шаруашылығы – шалғай және ауылдық жерлерде тұратын адамдардың әл-ауқатының өсуіне ықпал ететін экономиканың маңызды

саласы. БҰҰ жер қатынастары және шағын отбасылық фермалар мәселелері бойынша ұлттық семинарлар өткізуді қолдады, оған топырақтың тозуын бейтараптандыру жөніндегі жұмыстармен танысу мақсатында шағын отбасылық фермалардың 104 өкілі қатысты. БҰҰ сонымен қатар ауыл шаруашылығын жүргізудің тұрақты әдістерін ілгерілету мақсатында әрқайсысына 40-50 адам қатысқан бес онлайн-тренинг аясында мемлекеттік қызметкерлер мен фермерлердің әлеуетін нығайтты. БҰҰ-ның климаттың өзгеруінің жағымсыз салдарын азайту жөніндегі міндеті шеңберінде фермерлік шаруашылықтардың өміршеңдігін арттыруға мүмкіндік беретін климаттық факторларды ескеретін ауыл шаруашылығы технологияларын көрсету ұйымдастырылды. Оған қоса 20 шағын кәсіпкер Rural Invest бағдарламалық жасақтама бойынша арнайы тренинг арқасында инвестициялар саласындағы білімдерін кеңейтті.

Әйелдердің кәсіпкерлік дағдыларын арттыру

БҰҰ 80 астам әйел қатысқан креативті экономика семинарлары арқылы өнерді маркетинг және монетизациялау дағдыларын дамытты. Сонымен қатар 60 ауылдық әйел Қазақстанның төрт өңірінде өткізілген тәжірибелік тренингтерге қатысу арқылы өзінің экономикалық әлеуетін және өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкіндігін арттыра алды. БҰҰ сонымен қатар дөңгелек үстелдер ұйымдастыру арқылы сауда саласындағы гендерлік теңдікті ілгерілетуге ықпал етті.




Ауыл шаруашылығын өзгерту: Арманжанның тұрақты фермерлік моделі

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Маловодное (Қазақстан) ауылының тұрғыны Арманжан Жәмиевтің бау-бақшаға, негізінен алма ағаштарына деген құштарлығы кәсіпке айналды. Қазақ аграрлық университетін бітіріп, әкесімен бірге ғылыми қызметтен аграрлық қызметке ауысып, алма бақтарын жандандырумен айналысты.

Инвазиялық зиянкестер мен экстремалды экологиялық жағдайлар сияқты мәселелерге тап болған Арманжан тұрақты әдістер мен ғылыми жетістіктерді қабылдады. FAO және Өсімдіктерді қорғау және карантин институтымен, соның ішінде зиянкестермен кешенді күресу әдістерімен өзара әрекеттесу оған айтарлықтай өзгерістерге қол жеткізуге көмектесті. Осының арқасында пестицидтерді қолдану және өңдеу саны азайды (бір маусымда 16-17-ден 5-7 ретке дейін), ал егіннің сапасы мен көлемі өсті (50 тонна/га дейін).

«БҰҰ-мен ынтымақтастық бізге көптеген химиялық заттарды қолданудан бас тартуға және табиғи тәсілді қолдануға көмектесті», - деп Арманжан ауыл шаруашылығында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген қолдауы үшін алғысын білдірді. Оның хикаясы ғылым мен тұрақтылық моделінің жетістіктерін пайдалану қиын жағдайларда әсерлі нәтиже әкелетініне жарқын мысал болып табылады.



ТҮПКІ НӘТИЖЕ 3.2

2025 жылға қарай Қазақстанның барлық халқы, атап айтқанда, неғұрлым осал топтар климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру, қоршаған ортаны және таза энергияны тұрақты басқару, сондай-ақ ауылдық және қалалық аудандарды тұрақты дамыту нәтижелерін пайдаланатын болады.



Көміртегі нарықтары үшін нормативтік-құқықтық база құрылды, ал Қазақстан метан шығарындыларын азайту жөніндегі жаһандық бастамаға қосылды



112 000 адамның өміріне оң әсер ететін CO₂ шығарындылары **76 000** тоннаға азайды



2060 жылға дейін Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясы қабылданды



Ұлттық деңгейде айқындалатын салымдар жаңартылды



Қорғалатын аумақтар көлемі **7,8 млн** гектарға дейін ұлғайтылды



ТҚА және КӨШ мәселелері бойынша ақпаратқа **3 млн** астам адам қол жеткізді



Қоғамдастықтар **50 000** ағаш отырғызды



28 000 бала мен 3600 мұғалім ТҚА және КӨШ мәселелерінде өз әлеуетін арттырды

2023 жылы БҰҰ мекемелері Қазақстанның «жасыл» және тұрақты экономикаға көшуін қамтамасыз ету үшін саяси қолдау көрсетуді және пилоттық инновациялық жобаларды енгізуді жалғастырды. БҰҰ саясаттағы елеулі өзгерістер, табиғи ресурстарды басқаруды жақсарту, таза энергия көздеріне қолжетімділікті кеңейту, табиғи апаттар қаупін азайту және климаттың өзгеруімен күресу әлеуетін нығайтуға ықпал етті. Бұл күш-жігер климат, тұрақты қоршаған ортаны басқару, таза энергия, ауылдық және қалалық даму мәселелері бойынша тұрақты ресурстар мен оқытуға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, қауымдардың, әсіресе осал топтардың өмір сүру мүмкіндіктеріне, денсаулығы мен өміршеңдігіне тікелей әсер етті.

Климат өзгеруіне төзімділікті арттыру бойынша негізгі шаралар

Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы 2023 жылғы ақпанда ресми түрде қабылданды, бұл еліміздің адам қызметінің планета үшін жағымсыз салдарын азайту жөніндегі міндеттемелерін орындау жолындағы маңызды кезең болды. БҰҰ көміртегі нарықтарына қатысты 6-бапқа сәйкес нормативтік базаны әзірлеумен және Жасыл экономика тұжырымдамасын жаңартумен бірге стратегия бойынша инклюзивті диалогты басқара отырып, Қазақстан Үкіметіне елеулі сараптамалық қолдау және техникалық көмек көрсетті. Сонымен қатар Қазақстан ұлттық деңгейде айқындалатын салымдарды жаңартып, саясаттағы тұрақты және таза энергетиканы дамыту бағытындағы елеулі өзгерісті көрсетті. БҰҰ-ның ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен техникалық көмегі Қазақстанның Метан шығарындыларын азайту жөніндегі жаһандық бастамаға қосылуына ықпал етті, оның мақсаты БҰҰ-ға мүше 155 елдің жаһандық шығарындыларын 2030 жылға дейін 30%-ға қысқарту болып табылады.



Түпкі нәтиже 3.2 келесі ұйымдар күшін біріктіреді:



ТДМ міндеттері:



Метан шығарындыларын азайту: Қазақстан

Қазақстан КС-28 басқосуында Метан шығарындыларын азайту жөніндегі жаһандық бастамаға қосылып, метан шығарындыларын азайту жөніндегі жаһандық күш-жігерге үлес қосу міндеттемелерін растады. Қазақстан Үкіметін метан шығарындыларын азайтуда қолдау үшін БҰҰ Елдік тобы елге БҰҰ-ның бүкіл жүйесінің иелігіндегі ресурстар мен білімді тарту үшін жұмыс істеуде. БҰҰ тиісті министрліктер, мұнай-газ саласындағы ұлттық операторлар мен ҰЕҰ мен ЮНЕП халықаралық метан шығарындылары обсерваториясы (IMEO) арасында байланыс орнатты. Осының

арқасында жергілікті компаниялар зерттеуге қатысып, оқудан өтіп, метан шығарындыларын азайту бойынша техникалық нұсқауларға қол жеткізе алады. ЮНЕП және ABC-iCAP жобасының қолдауымен «ҚазМұнайГаз» ұлттық мұнай компаниясының басшылығы мен техникалық мамандары үшін «Мұнай-газ секторындағы метан шығарындылары» атты үш күндік тренинг ұйымдастырылды. КС-28 кезінде «ҚазМұнайГаз» сонымен қатар ЮНЕП IMEO - Мұнай-газ секторындағы метан бойынша серіктестік 2.0 бастамасына қосылды.



Таза энергияны пайдалануды арттыру

БҰҰ қолдауы қорғалатын аумақтар көлемін 7,8 млн гектарға дейін ұлғайтуға және қорғалатын аумақтарды мемлекеттік қаржыландыруды 78 млн долларға дейін ұлғайтуға ықпал етті, бұл 40 мыңнан астам адамға тікелей әсер етті. Сонымен қатар БҰҰ 14 қорғалатын табиғи аумақтың және 9 орманшылықтың техникалық әлеуетін нығайтып, оларды мамандандырылған жабдықтармен, соның ішінде 28 күн-жел панельдерімен жабдықтап, орман өртерінің алдын алуға және инспекторлардың жұмыс жағдайларын жақсартуға ықпал етті. Сондай-ақ БҰҰ Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында 1466837 гектарды қамтуы мүмкін бес жаңа қорғалатын табиғи аумақты құру мақсатында талдау жүргізді. БҰҰ жалпы қуаты 334 кВт жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша төрт жобаны іске қосты, нәтижесінде 36 мыңнан астам адам экологиялық таза энергияға қол жеткізді. Жалпы алғанда, 112 мың адам БҰҰ қолдауының арқасында энергия көздеріне қол жеткізу және қоршаған ортаны жақсарту, сондай-ақ СО2 шығарындыларын 76 мың тоннадан астам қысқарту тұрғысынан оң өзгерістерді сезінді. Қаржылық қолдаудың жаңа тетігі шеңберінде өнеркәсіптің кең спектрін қамтитын және колледждер, қонақ үйлер, сауда орталықтары, химиялық өндірушілер, қалалық жарықтандыру жеткізушілері және т.б. үшін жасыл энергетика саласында тиімді шешімдерді қамтамасыз ететін 17 жоба іске асырылды, бұл жасыл энергияны пайдалану тиімділігін арттыруға ықпал етті және 68 мыңнан астам адамға пайда әкелді. Сонымен қатар БҰҰ-ның көмегімен биомасса қалдықтарынан отын брикеттерін өндіруге талдау жасалды және оларды екі ауылда өндіруге басталды, БҰҰ сонымен қатар биомасса отынын пайдалану мәселелерінде тұтынушылардың көзқарасы мен мінез-құлқын өзгерту үшін жұмыс істейді (500 астам үй шаруашылығына ақпарат берілді). Бұдан басқа, БҰҰ болашағы үшін Қазақстанда сутегі өндірісі мәселелері бойынша терең сараптамалық талқылауға жәрдемдеседі.

БҰҰ 3,5 млн долларды жұмылдыру және қосымша 290 млн доллар тарту арқылы «жасыл» қаржыландыру құралдарын енгізуді жалғастырды, бұл донорлардан әр доллар үшін 127 доллар алуға мүмкіндік береді.

Қауымдастықтарды қоршаған ортаны қорғауға тарту

БҰҰ 50 мың ағаш отырғызу және мақсатты қауымдардағы көмірқышқыл газының шығарындыларын айтарлықтай азайту арқылы қоршаған ортаны қорғау жобаларын басқарды. Елдік топ сонымен қатар 3000 астам фермерлерге экологиялық таза егіншілік тәжірибесін енгізу үшін оқыту мен ресурстарды қамтамасыз ету арқылы тұрақты егіншілік тәжірибесін енгізуге ықпал етті. Төрт облыстағы 60 әйел ірімшік пен сүт өнімдерін өндіру дағдыларын жетілдірді.

Климат өзгеруіне төзімді ауыл шаруашылығын дамыту

БҰҰ Елдік тобы тұрақты тәжірибелердің ауыл шаруашылығы мен жер ресурстарын басқаруға енгізілуін көрсететін жайылым туралы заң жобасына саяси қолдау көрсету арқылы жайылымды басқару тәжірибесін жақсартуды қолдады. Мемлекеттік қызметкерлер мен фермерлердің климаттың өзгеруіне төзімді және тиімді саясатты қабылдау әлеуетін нығайту мақсатында жайылымдарды басқару жөніндегі жұмыс тобының 20 отырысы өткізілді, сондай-ақ таныстыру сапарлары, зерттеулер жүргізу және сараптамалық қолдау ұйымдастырылды. БҰҰ топырақ деградациясы мәселелері бойынша техникалық қолдау көрсетті (топырақ деградация порталын, тұздану карталарын және т.б. қоса алғанда), сондай-ақ құрғақшылыққа төзімді жемшөп дақылдарын (4 генотип) өсіру бойынша пилоттық жобаны іске асырды, олардың тұқымдары осы тәжірибені кеңінен қолдану мақсатында фермерлер арасында таратылды. 2022-2023 жылдары 150 адам ескірген пестицидтер мәселесін шешу және экологиялық ортаны жылдам бағалауды пайдалану бойынша тренингтерден өтті. Сол сияқты, БҰҰ 2023 жылы балық өсірушілер мен мемлекеттік қызметкерлердің әлеуетін арттыра отырып, аквамәдениеттің дамуына ықпал етті. Сондай-ақ БҰҰ климаттың өзгеруі жағдайында, атап айтқанда таулы аймақтарда климаттың өзгеруіне бейімделу үшін осалдықты азайту және көші-қонды пайдалану мақсатында халықтың мобильділігін басқару саясатын әзірлеуге ықпал етті.

Табиғи апаттар қаупін азайту және климат өзгеруіне қарсы шараларды жандандыру

БҰҰ қолдауымен Қазақстан мектептерінде халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында сумен жабдықтау, санитария және гигиена қызметтерімен (WASH) байланысты жаңа ұлттық стандарттар енгізілді. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен хабардарлықты арттыру нәтижесінде 3 млн астам адам табиғи апаттар қаупін азайту (ТҚА) мәселелері және климаттың өзгеруіне қарсы күрес шаралары (КӨШ) бойынша ақпаратқа қол жеткізді, бұл ретте 28000 бала мен 3600 мұғалім ТҚА және КӨШ мәселелерінде өз әлеуетін нығайта алды. БҰҰ төтенше жағдайларда балалар құқықтарын қорғау мәселелері бойынша 500 астам авариялық-құтқару, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлеріне, сондай-ақ азаматтық қоғам ұйымдары мен ғылыми топтардың өкілдеріне тренингтер ұйымдастырды. БҰҰ сондай-ақ Астана әкімшілігінің тұрақтылықты арттыру жөніндегі күш-жігерін нығайтуға, соның ішінде табиғи апаттар қаупін азайту және қалалардың тұрақтылығы мәселелеріне арналған халықаралық форумдар мен семинарларға қатысуға жәрдемдесті. БҰҰ трансшекаралық тәуекелдер туралы ерте хабарлау жүйесін әзірлеу және жоғары деңгейдегі іс-шараларды өткізу үшін Орталық Азияның негізгі мүдделі тараптары үшін

ТҚА мәселелері бойынша жоғары деңгейдегі платформаны ұйымдастыру арқылы ТҚА бойынша өңірлік күш-жігерді қолдады.

Климат өзгеруіне қарсы шараларға қатысты мәселелер бойынша білім беру қауымдастықтарға, соның ішінде осал топтарға тікелей әсер етті. Заңдар мен саясатты талдау, бірқатар диалогтар, семинарлар, аналитикалық зерттеулер және саясат бойынша консультациялар жүргізу арқылы БҰҰ биосфераны сақтау, өңірлік су ресурстарын басқару (мұздықтарды қоса алғанда), судың ластануы, көлік, сауда, климаттың өзгеруі және тұрақты энергетикаға көшу бойынша саяси диалогтар саласындағы әлеуетті нығайтты. Бұл іс-шаралар көші-қон, қоршаған ортаның деградациясы және климаттың өзгеруі проблемалары арасындағы күрделі байланысты түсінуге және басқаруға ықпал етті. БҰҰ жаңартылатын энергия көздерін тұтынуды едәуір арттыру мақсатында қажетті институционалдық және нормативтік өзгерістерді іске асыру және әлеуетті дамыту жөнінде нақты ұсыныстар берді. БҰҰ тұрақты және тиімді көлік түрлеріне көшуге ықпал ете отырып, Үкіметтің қалалық қоғамдық көлік жүйелерінде цифрлық технологияларды енгізу және қолдану әлеуетін нығайтты. Оған қоса БҰҰ Сырдария өзені бассейніндегі қауіпті объектілерді түгендеу картасын дайындап, Қазақстандағы су ресурстары мәселелерін шешу үшін нақты деректер жинады.



Жасыл желектерді қорғау

Орманшы Ержан Келемсейітов 15 жылдан астам уақыт бойы Жаркент ауданының 60 мың гектар өмірлік маңызы бар ормандарының нағыз сақтаушысы қызметін атқаруда. Айта кету керек, Ержан церебралды сал ауруына шалдыққан және өзінің маңызды міндетін орындай отырып, ол физикалық проблемалар қоршаған ортаға маңызды үлес қосуға кедергі емес екенін көрсетеді. Оның күнделікті міндеттеріне бақылау, өрттен қорғау және ормандарды қалпына келтіруге көмектесу кіреді. Ол осы өмірлік маңызды экожүйенің тұрақты өсуін қамтамасыз ететін орман тәлімбағындағы көшеттерді күтеді.

«Орманшы болу үлкен жауапкершілікті білдіреді, өйткені адамға орман керек, ал орманға адамның қолдауы қажет», - дейді Ержан.

Оның жанкештілігі БҰҰДБ мен Жаһандық экологиялық қордың ормандарды сақтау жөніндегі күш-жігеріне сәйкес келеді. Ержанның хикаясы бір адамның өз ісіне деген адалдығы жаһандық экологиялық мақсаттармен үндесіп, оларға қол жеткізуге қалай ықпал ететіндігінің айқын көрінісі.





3.3 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі бойынша әріптестік және қызметті қаржыландыру

2030 жылға дейінгі Күн тәртібінде баяндалған Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге деген бейілділігімізде серіктестік қатынастар мен стратегиялық қаржыландыру шешуші рөл атқарады. Бұл бөлімде ТДМ-ға жету жолында БҰҰ Елдік тобын ілгерілетуде маңызды рөл атқарған бірлескен күш-жігер мен қаржылық тетіктер қарастырылады.

Бұл Үкімет, бизнес, азаматтық қоғам және ғылыми ортаның қатысуымен ұжымдық күш болды. БҰҰЕТ-ның әртүрлі мүдделі тараптармен серіктестік қатынастары күрделі мәселелерге инновациялық шешімдер қабылдауға ықпал ете отырып, білім, ресурстар және тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Үкіметтердің қолдауы туралы негізгі деректер басқа бөлімдерде берілген, осы бөлімде жеке сектор және азаматтық қоғаммен серіктестікке назар аударылады.

Жеке сектормен серіктестік

Жеке сектормен ынтымақтастық тұрақты дамуды бірлесіп ілгерілету үшін 2023 жылы БҰҰ Елдік тобының негізгі басымдықтарының бірі болды. БҰҰЕТ жеке сектормен ынтымақтастық жөніндегі ведомствоаралық топ құрды.

2023 жылы БҰҰЕТ Тұрақты даму мақсаттары, Ғаламдық шарт және Қазақстанның ТДМ-ға қол жеткізудегі жетістіктері бойынша іскерлік қоғамдастықпен диалог жүргізу мақсатында Алматы мен Астанадағы 120 астам ұйымға арналған «Қазақстандық бизнес тұрақты даму үшін» тақырыбында екі семинарға бастамашылық жасап, өткізді.

Ғаламдық шарт шеңберіндегі ынтымақтастық осыған байланысты үлгілі болды. Бір жарым жыл ішінде Қазақстанда Жаһандық шартқа қатысушылар саны 7-ден 62-ге дейін (800%-дан астам) өсті. 2023 жылдың қыркүйегінде маңызды оқиға – Орталық Азия елдері үшін көпжақты консультация өтті, оған Қазақстан мен Өзбекстандағы БҰҰ-ның тұрақты үйлестірушілері, сондай-ақ көрнекті мемлекеттік және жеке компаниялардың басшылары қатысты. Қазақстандағы алғашқы басқосу Алматы қаласында БҰҰ Плазада өтті.

БҰҰ сондай-ақ корпоративтік секторға олардың бағдарламаларына және Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарының (WEPS) саясатына интеграциялануда қолдау көрсетті, нәтижесінде Қазақстан Орталық Азиядағы (49) қағидаттарға қосылған

компаниялардың саны бойынша көшбасшы орынға ие болды. Сонымен қатар жеке сектор «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет» халықаралық науқаны кезінде ақпараттық бастамаларда шешуші рөл атқарды.

2023 жылдың қазан айында SDG Ambition акселераторының орыс тіліндегі алты айлық бағдарламасы іске қосылды, ол бұрын-соңды болмаған қатысушылардың санын — 37 компанияны жинады, бұл басқа елдердегі қатысу көрсеткіштерінен асып түсті.

2024 жылы БҰҰ 2026-2030 жылдарға арналған Тұрақты даму мақсатында БҰҰ ынтымақтастығының жаңа негіздемелік бағдарламасын әзірлеуге байланысты консультацияларды қоса алғанда, одан да көп бірлескен бастамаларды іске асыруды жоспарлап отыр. Бұл бастамалардың жетістігі жеке сектордың тұрақты дамуды корпоративтік стратегиялар мен операцияларға біріктіру мәселелеріне деген адалдығы мен ынтымақтасуына көрсетеді.

Азаматтық қоғамды тарту

Қазақстандағы БҰҰ Елдік тобы ТДМ саясатын әзірлеу, жоспарлау және іске асырудың әртүрлі кезеңдерінде АҚҰ-ны тартуды белсенді түрде ынталандырады.

2023 жылы БҰҰЕТ мекемелердің АҚҰ-мен күнделікті өзара әрекеттесуінен асып түсетін азаматтық қоғамның бірлескен бастамалары мен міндеттемелерінің кешенін білдіретін Азаматтық қоғам үшін іс-қимыл жоспарының нұсқаларының бірін жүзеге асыру туралы шешім қабылдады. БҰҰЕТ бүкіл топ шеңберінде азаматтық қоғамнан серіктестермен өзара әрекеттесу жөніндегі үйлестіруші және БҰҰ Хатшылығы мен БҰҰЕТ арасындағы байланыстырушы буын ретінде тағайындалды.

Сонымен қатар, БҰҰЕТ «Алты өзгеріс» — ТДМ-ға қол жеткізу модульдері арқылы тұрақты даму мүдделеріндегі ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған азаматтық қоғам серіктестерімен серпінді диалог ұйымдастырды. Тұрақты дамуға ұжымдық әсерді күшейту стратегияларын талқылау үшін 50 астам негізгі мүдделі тараптар жиналды. Қатысушылар өзекті мәселелерді шешуге қызу қызығушылық танытты және үкімет үшін ұсыныстарды ұжымдық түрде тұжырымдады: инновациялар, жаңғырту, ынтымақтастық, инвестициялар, заңнаманы жетілдіру және үйлестіруді жақсарту прогреске жетудің негізгі стратегияларымен анықталды.





3.4 БҰҰ-НЫҢ НЕҒҰРЛЫМ АУҚЫМДЫ ЖӘНЕ ТИІМДІ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ



Төрт бірлескен бағдарлама іске асырылды



Бір ведомствоаралық жұмыс тобы және үш тақырыптық диалог құрылды



Әлеуметтік желілерде 16 млн жуық адам қамтылды



2023 жылы ОҚС 2.0 арқасында 300 000 АҚШ доллары көлемінде шығындар үнемделді

БҰҰ жұмысындағы «Іс-қимыл бірлігі» қағидаты

2023 жылы БҰҰ Елдік тобы синергия мен негізгі салалардағы ынтымақтастықты талқылау мақсатында нәтижелері бойынша үш негізгі топ шеңберінде бірлескен жұмысты жалғастырды – төрт кездесуде жыл бойы ақпараттық қызмет пен саяси қолдау оңтайландырылды, сондай-ақ проблемалар мен нәтижелер талқыланды. БҰҰ-ның жеке құрылымы саясатқа жан-жақты қолдау көрсетуге (мысалы, Су кодексі, Әлеуметтік кодекс, адам саудасы туралы заң, экологиялық мәселелер және т.б.), операциялық шығындарды азайтуға және БҰҰ мекемелерінің жұмысындағы қайталануды жоюға мүмкіндік береді.

2023 жылы Босқындардың жалпы міндеттемелері бойынша мақсатты тобы, Су ресурстары бойынша тақырыптық диалог және Гендерлік зорлық-зомбылық бойынша арнайы тақырыптық диалог

құрылды. Сондай-ақ БҰҰ қызметкерлерінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету сапасын арттыру мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау комитеті құрылды. БҰҰЕТ Гендерлік мәселелер бойынша кеңейтілген тақырыптық топпен ынтымақтастықты нығайтты және бұл платформа «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет» науқаны шеңберінде бірлескен іс-шараларды өткізу үшін пайдаланылды.

Қазіргі уақытта БҰҰЕТ аясында келесі жедел құрылымдар бар, олардың міндеттеріне саясат пен бірлескен жұмыстың негізгі мәселелері бойынша белсенді диалогты қолдау кіреді:

- Кеңейтілген гендерлік тақырыптық топ
- Гендер жөніндегі ішкі тақырыптық топ (БҰҰ)
- Кедейлікті азайту тобы
- БҰҰ ЖИТС бойынша біріккен тобы
- Босқындарға қатысты міндеттемелер бойынша жұмыс тобы
- Адам құқықтары жөніндегі жұмыс тобы
- Жеке сектор бойынша жұмыс тобы
- Мүгедектері бар адамдарды интеграциялау тобы
- Жастар тақырыптық тобы
- БҰҰ көші-қон желісі
- PSEA жұмыс тобы
- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
- Босқындарға қатысты жалпы міндеттеме бойынша жұмыс тобы
- Су ресурстары бойынша тақырыптық диалог (Нәтижелі топ 3 шеңберінде)

Біздің ынтымақтастығымыз БҰҰ бірлескен қолдау көрсете алатын бірнеше бірлескен бағдарламалардың арқасында одан әрі нығая түсуде және оларға мыналар жатады:

- 2022-2023 жылдарға арналған Бірыңғай бюджет, нәтижелер және есеп беру қағидаттары бойынша елдік бағдарлама (ЮНЭЙДС, БҰҰ ЕҚБ, ЮНФПА, БҰҰ-Әйелдер, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, БҰҰДБ, ДДҰ)
- Білім беру арқылы ауған әйелдерінің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту (БҰҰДБ, БҰҰ-Әйелдер)
- Жасыл экономика мүддесіндегі іс-қимыл үшін серіктестік – PAGE (ЮНЕП, БҰҰДБ, ХЕҰ, ЮНИДО, ЮНИТАР)
- Орталық Азияға арналған «Жарық сәулесі» бастамасының өңірлік бағдарламасы (БҰҰ-әйелдер, БҰҰДБ, ЮНФПА)

Қазіргі таңда БҰҰЕТ сонымен қатар елдің нақты осал аймақтары үшін бірлескен жоспарлауды кеңейту мүмкіндіктерін зерделеуде.



2023 жылы БҰҰ-ның бірлескен жетістіктері туралы ақпаратты тарату

2023 жыл БҰҰ үшін стратегиялық коммуникацияларда 2021-2025 жылдарға арналған Бірлескен коммуникациялық стратегияда және 2023 жылға арналған бірлескен жыл сайынғы коммуникациялық жоспарда көрсетілгендей аса маңызды кезеңдерге қол жеткізудегі бетбұрыс кезеңі болды. БҰҰ-ның коммуникациялар жөніндегі тобының (БҰҰКТ) басшылығымен БҰҰ ТДМ саммиті мен БҰҰ-ның арнайы күндері туралы хабардарлықты арттыруға сәтті көмектесті және сонымен бірге алуан түрлі дәстүрлі және әлеуметтік платформалар арқылы БАҚ шеңберінде қатысуын кеңейтті. БҰҰ-ның Қазақстанда болуының 30 жылдығы және Астана халықаралық форумы маңызды оқиғалар болды, онда БҰҰ-ның стратегиялық серіктес ретіндегі рөлі қатысушылардың назарын аударған ТДМ Медиазонының көмегімен тиімді атап өтілді. Әлеуметтік мәселелерді шешу жолындағы маңызды қадам «Жарық сәулесі» бастамасының өңірлік бағдарламасының негізгі түпкі нәтижелерінің бірі болып табылатын Гендерлік зорлық-зомбылықты жою жөніндегі Орталық Азия альянсын құру болды. Сонымен қатар БҰҰ-ның бірінші Халықаралық волонтерлер форумына қатысуы ТДМ-ға қол жеткізуде және қоғамдастықтардың тұрақтылығын арттыруда волонтерлік жұмыстың маңыздылығын ерекше атап өтуге мүмкіндік берді.

Басқа бірлескен коммуникациялық іс-шаралар арасында – технологиялық инновациялар мен цифрлық интеграциядағы әйелдердің маңызды рөлін көрсететін Халықаралық әйелдер күні, бизнесті экологиялық бастамаларға тарта отырып, Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні, Дүниежүзілік азық-түлік күні, гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет, сондай-ақ БҰҰЕТ-ның Семейге сапары кіреді. Оған қоса былтыр БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, ЭСКАТО Атқарушы хатшысы Армида Салсиа Алишахбана, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, Терроризмге қарсы басқарманың басшысы Владимир Воронков, ЮНЕСКО Бас директоры Одрэ Азуле және Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссар Фолькер Түрк сияқты БҰҰ-ның аға лауазымды тұлғаларының сапарлары өтті.

Коммуникациялық стратегия жас аудиторияны тұрақты даму тақырыптарына тарту мақсатында қазақ тілінде балалар ертегілері кітабын жариялау нәтижесінде туындайтын шығармашылық, атап айтқанда өнер саласындағы ынтымақтастықпен ерекшеленді. Инновациялық және тиімді коммуникацияға деген ұмтылыс анимациялық бейнероликтерді, көрнекті науқандық материалдарды жасау және визуалды бейнелерді жылдам жасау үшін жасанды интеллект көмегімен озық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асты. Осы тәсілдің арқасында әлеуметтік желілерде қамту 45%-ға өсіп, 16 млн жуық адамды құрады.

Бірыңғай қызметтің тиімділігін арттыру

БҰҰЕТ 2023 жылы қайталануды жою, ұжымдық келіссөздерді нығайту және масштаб тиімділігінің пайдасын барынша арттыру арқылы бірлескен қызметті жақсартуға бағытталған БҰҰ Операциялық қызметінің стратегиясын (ОҚС) іске асыруды жалғастырды. ОҚС 2.0 жыл сайынғы шолуы аясында БҰҰ Операцияларды басқару тобы (БҰҰ ОБТ) тиімділік пен экономикалық орындылықты арттыруға, процедураларды жеңілдетуге және үйлестіруге, күрделілігі төмен жоғары тиімді іс-шаралар мен іс-шараларға және жалпы ұйымдастырушылық мақсаттарға қол жеткізу үшін операциялық рәсімдер шеңберінен шығуды басымдық ретінде айқындады. ОҚС шолуы 2023 жылы шамамен 300 мың АҚШ долларын үнемдеуді растады, ал 2019-2023 жылдардағы шығындарды қысқартудың жалпы сомасы 1,8 млн АҚШ долларын құрады.


Қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін БҰҰ ОБТ жұмыс ортасының инклюзивтілігін бағалауды аяқтады. Инклюзивтілік критерийлері сатып алу тәжірибесі мен нұсқауларына қосымша енгізілді. Сондай-ақ 2023 жылы Астана мен Алматыдағы Ортақ кеңселер жөніндегі комитеттің жұмысын жалғастыру арқылы БҰҰ-ның ортақ пайдаланылатын үй-жайларында экологиялық қауіпсіз тәжірибелерді ілгерілету бойынша күш-жігер жалғастырылды. БҰҰ ОБТ сонымен қатар ортақ кеңселер бойынша жаңа ықтимал жобаларға тиімді талдау жасау үшін ортақ кеңселер туралы деректерді қайта қарастырды. можных проектов по общим помещениям.

3.5 Қаржылық шолу және ресурстарды жұмылдыру

Қаржылық шолу

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының түпкілікті нәтижелері бойынша 2023 жылғы шығыстардың жалпы сомасы

Түпкі нәтиже	Шығыстар
Түпкі нәтиже 1.1	5,679,403
Түпкі нәтиже 1.2	5,036,423
Түпкі нәтиже 2.1	5,478,285
Түпкі нәтиже 2.2	5,263,621
Түпкі нәтиже 3.1	4,908,918
Түпкі нәтиже 3.2	7,029,270
Барлығы	33,395,920



Ескертпе: БҰҰ агенттіктерінің 2024 жылғы ақпандағы деректері негізінде

БҰҰ агенттіктері бойынша 2023 жылғы бюджет (\$)

Мекеме	Қажетті ресурстар	Қолда бар ресурстар	Шығыстар
ФАО	1,735,592	1,735,592	1,277,892
ХЕҰ	300,000	325,622	325,622
ХКУ	2,349,678	2,276,135	1,421,705
ХСО	600,000	600,000	600,000
ХЭО	85,000	80,000	79,000
АҚЖКБ	400,963	400,963	306,998
БҰҰ-әйелдер	2,608,089	2,608,089	2,445,000
ЮНЭЙДС	252,046	252,046	222,046
ЮНКТАД	298,295	298,295	298,295
БҰҰДБ	16,493,707	16,493,707	14,041,765
БҰҰ АҚАБ	10,000	10,000	10,700
БҰҰ ЕЭК	130,700	130,700	130,700
ЮНЕП	1,692,414	1,692,414	465,725
ЮНЕСКО	1,331,940	2,052,456	844,600
ЮНФПА	573,500	735,500	1,430,247
БҰҰ-Хабитат	321,332	331,333	8,000
БҰҰ БЖКБ	959,926	917,078	917,078
ЮНИСЕФ	4,250,800	1,211,300	2,598,748
ЮНИДО	500,000	500,000	255,459
БҰҰ ЕҚБ	4,078,129	4,034,379	2,940,340
ДДСҰ	1,276,000	2,776,000	2,776,000
Барлығы	39,949,816	39,461,609	33,395,920

Ескертпе: БҰҰ агенттіктерінің 2024 жылғы ақпандағы деректері негізінде


Ресурстарды жұмылдыру

2023 жылы БҰҰ қолда бар 39,5 млн доллар ресурстармен БҰҰ қызметін жүзеге асыру үшін қажетті шамамен 39,9 млн доллардың 102%-ды қамтамасыз етті. Жалпы шығындар шамамен 33,4 млн долларды құрады, оның 23%-ы негізгі қаржыландыруға, ал 77%-ы негізгі емес қаржыландыруға тиесілі. Негізгі емес қаржыландырудың басым бөлігі басқа көздерден, соның ішінде Жаһандық экологиялық қор, Мажарстан, Жапония, Корея, Ресей, Финляндия, Швеция, Италия, Түркия және т.б. (45%), Қазақстан Үкіметі (25%), ЕО (17%) және АҚШ (13%) тараптарымен қамтамасыз етілді.

Үкімет БҰҰ-ның ең ірі доноры болып қала берсе де, табысы орташадан жоғары елдің мәртебесі, негізгі ресурстардың қысқаруы және мемлекеттік шығыстардың тұрақсыз бөлінуі сияқты факторлардың үйлесуі инновациялар мен ресурстар портфелін әртараптандыру қажеттілігінің артуына әкелді. БҰҰ да, Үкімет те ТДМ және Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында бекітілген 2030 жылға дейінгі күн тәртібінің басымдықтарын қоса алғанда, ағымдағы стратегиялық шеңберлерді іске асыру үшін ресурстар көздері мен серіктестерді, әсіресе жеке сектордан әртараптандыруға баса назар аударады.

Өзгеріп отыратын ғаламдық даму қарқыны және елдегі бірегей жағдайларға сәйкес келу үшін БҰҰ Елдік тобы ағымдағы және жаңа серіктестіктерді анықтау, тиімділікті арттыру және қаржылық және саяси қолдаудың жаңа көздерін табу бойынша жұмысты жалғастырды, соның ішінде:

- Шығындарды бөлу мен серіктестікті қамтитын Қазақстан Үкіметімен бірлескен бастамалар;
- Қазақстандағы дәстүрлі донорлармен екіжақты және көпжақты деңгейлерде өзара іс-қимыл жасау;
- Халықаралық қаржы институттарының әлеуетті қатысуын зерделеу;
- Жеке сектормен ынтымақтастық пен серіктестік мүмкіндіктерін кеңейту;
- Ақпарат, ынталандыру және құралдар беру арқылы ынтымақтастық үшін дәстүрлі емес серіктестерді табу.



2023 жылы Қазақстандағы БҰҰ жүйесін қаржыландыру көздері бойынша салымдар



4

БҰҰ-НЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ



БҰҰ Мемлекет басшысының 2023 жылы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған басымдықтарды, сондай-ақ 2024 жылы ақпанда Қазақстан Үкіметінің алдына қойылған Президенттің «Он міндеті» деп аталатын басымдықтарды ескере отырып, өзінің қатысуын Үкіметтің басымдықтарымен және саясатымен келісуді жалғастырады. Осылайша, БҰҰ адам құқықтарын сақтау, кемсітушілікті жою, тиімді әлеуметтік қолдау, экономиканы әртараптандыру және оның «жасыл» шешімдерге көшуі мақсатында «ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидатын іске асыруға бағытталған саясатты қолдауды жалғастырады. БҰҰ ШОБ, кәсіпкерлік, цифрлық және «жасыл» инновацияларды нығайту, денсаулық сақтау мен білім беруді басқаруды жақсарту, сондай-ақ назардан тыс қалған және кедейлік пен маргинализацияға ұшыраған адамдардың дағдыларын, құзыреттері мен мүмкіндіктерін кеңейтуге одан әрі қатысу арқылы өнеркәсіпті декарбонизациялау бойынша пилоттық шешімдерді ілгерілетуді және енгізуді жалғастырады.

2024 жылы Қазақстандағы БҰҰЕТ 2025 жылы БҰҰ Тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасын қабылдау бойынша дайындық жұмыстарын бастайды. Биыл БҰҰЕТ жаңа жалпы елдік талдауды (ЖЕА) дайындау үшін деректер жинау мен консультациялардың күрделі үрдісін бастайды. ЖЕА шеңберінде дамудың негізгі бағыттары бойынша жан-жақты деректер талданады және ынтымақтастықтың келесі негіздемелік бағдарламасының басымдықтарын айқындау үшін шешуші мәнге ие болатын тәуекелдер мен осалдықтарға талдау жүргізіледі. БҰҰЕТ ынтымақтастықтың ағымдағы негіздемелік бағдарламасына бағалау жүргізеді және 2026-2030 жылдары Қазақстан Үкіметі мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастықты айқындайтын жаңа басымдықтарды талқылауға бастамашылық етеді.

Адам құқықтарын қорғау және гендерлік теңдік БҰҰ-ның негізгі басымдықтарының бірі болып қала беруде. БҰҰ Адам құқықтарын қорғауды

жалғастырады және заңнама, ережелер, сондай-ақ оларды халықаралық заңнамаға және адам құқықтары саласындағы тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз етуде Үкіметке қолдау көрсетеді. БҰҰ тиісті мемлекеттік органдар мен ұлттық құқық қорғау мекемесінің институционалдық әлеуетін арттыруды жалғастырады, сондай-ақ елдің шарттық органдар және/немесе әлеуетті құқық қорғау тетіктері бойынша міндеттемелерді орындауын қолдайтын болады. Сонымен бірге, гендерлік теңсіздікті жою ісінде табанды бола отырып, БҰҰ әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, әйелдердің саяси өкілдігін нығайту, гендерлік зорлық-зомбылықты алдын алу және оған жауап беруді жалғастырады.

БҰҰ Астана халықаралық форумын өткізу бойынша Қазақстанның адал серіктесі болып қала береді және Болашақ саммиті мәселелері бойынша Үкімет, халықаралық қоғамдастық және азаматтық қоғамды қоса алғанда, әртүрлі мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасайтын болады.

БҰҰ жүйесінің құрылымы түрлі резидент және резидент емес мекемелер, агенттіктер, қорлар мен бағдарламалар, соның ішінде аймақтық комиссиялар ұсынған міндеттерге сәйкес келеді. Бұл бізге ұлттық және халықаралық тақырыптық тәжірибенің кең ауқымына сүйенуге мүмкіндік береді. 2024 жылы Қазақстандағы резидент емес мекемелердің қызметін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

2024 жылы ресурстарды жұмылдыру бойынша күш-жігер жалғасады және тәжірибе жинақтауға және стратегиялық бастапқы кезеңде серіктестіктерді жұмылдыруға, сондай-ақ екіжақты серіктестер, жеке сектор және бірлескен қаржыландыру тетіктерімен жұмыс істеуге көбірек көңіл бөлінеді. Осы тәжірибе арқасында БҰҰ экономикалық және әлеуметтік өмірдің түрлі секторларындағы маңызды басқару реформаларын қолдауда ерекше орын алады.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР ТІЗІМІ

CO2	Көміртегінің қос тотығы
COVID-19	Коронавирустық инфекция
DAFI	Альберт Эйнштейннің босқындар жөніндегі неміс академиялық бастамасы
GRF	Босқындар жөніндегі жаһандық форум
LNOB	«Ешкімді назардан тыс қалдырмау» қағидаты
PAGE	Жасыл экономика мүддесіндегі іс-әрекеттер үшін серіктестік
PSEA	Жыныстық қанау мен қорлауды алдын алу
STEM	Жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия және математика
WASH	Сумен жабдықтау, санитария және гигиена
WEPs	Әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту қағидалары
АДИ	Адам дамуының индексі
АИТВ	Адамның иммун тапшылығы вирусы
АКТ	Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар
АҚЖКБ	БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары Басқармасы
АҚҰ	Азаматтық қоғам ұйымдары
АПВ	Адам папиллома вирусы
АТ	Ақпараттық технологиялар
АТМЭЭК	БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхитына арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰ АҚАБ	БҰҰ Апаттар қаупін азайту басқармасы
БҰҰ БЖКБ	БҰҰ-ның босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары
БҰҰ ЕҚБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс басқармасы
БҰҰ ЕЭК	Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы
БҰҰ КҚД	БҰҰ Күзет және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі департаменті

БҰҰ ТҮК	БҰҰ Тұрақты үйлестіруші кеңсесі
БҰҰАЖМ	БҰҰ-ның Ауғанстанға жәрдемдесу миссиясы
БҰҰДБ	БҰҰ Даму бағдарламасы
БҰҰЕ	БҰҰ Еріктілер Бағдарламасы
БҰҰЕК	Біріккен Ұлттар Ұйымының Елдік тобы
БҰҰ-әйелдер	БҰҰ-ның гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі құрылымы
БҰҰКТ	БҰҰ коммуникациялар жөніндегі тобы
БҰҰ-су ресурстары	БҰҰ-ның су ресурстары және санитария мәселелері жөніндегі үйлестіру тетігі
БҰҰ-Хабитат	БҰҰ-ның елді мекендер бағдарламасы
ГЗ	Гендерлік зорлық-зомбылық
ГТӘМК	Гендерлік теңдік және әйелдер мүмкіндіктерін кеңейту
ДАМУ	Кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік қоры
ДГҚ	БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаменті
ДДСҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЕО	Еуропалық одақ
ЕҰШ	Ерікті ұлттық шолу
ӘМШ	Әмбебап мерзімді шолу
ЖГЗ	Жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылық
ЖЕТ	Біріккен Ұлттар Ұйымының жалпы елдік талдауы
ЖИТС	Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖРД	Жыныстық және репродуктивті денсаулық
ЖЭҚ	Жаһандық экологиялық қор
КС-28	БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы тараптарының 28-ші конференциясы
КСӘ	Көп секторлы әрекет ету
КСҚ	Көпжақты сенім қоры
МШОБ	Микро, шағын және орта бизнес
ОААДӨО	Орталық Азия үшін БҰҰ-ның алдын алу дипломатиясы жөніндегі өңірлік орталығы
ОБТ	БҰҰ Операцияларын басқару тобы
ОҚС	БҰҰ Операциялық қызметінің стратегиясы
ПГ	Парниктік газдар
СОП	Стандартты операциялық процедура
ТДМ	Тұрақты даму мақсаттары

ТДМЫНБ	БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсатында ынтымақтастық жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған негіздемелік бағдарламасы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҮЕҮ	Үкіметтік емес ұйым
ҰДАС	Ұлттық деңгейде айқындалатын салымдар
ФАО	БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы
ХЕҮ	Халықаралық еңбек ұйымы
ХКҰ	Халықаралық көші-қон ұйымы
ХҚИ	Халықаралық қаржы институттары
ХСО	Халықаралық сауда орталығы
ХЭО	Халықаралық электрбайланыс одағы
ШОК	Шағын және орта кәсіпорындар
ЮНЕП	БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы
ЮНЕСКО	Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі БҰҰ мекемесі
ЮНИДО	БҰҰ Өнеркәсіптік даму жөніндегі мекемесі
ЮНИСЕФ	БҰҰ Балалар қоры
ЮНКТАД	БҰҰ-ның Сауда және даму конференциясы
ЮНОПС	БҰҰ-ның жобаларға қызмет көрсету басқармасы
ЮНФПА	БҰҰ Халық қоры
ЮНЭЙДС	БҰҰ АИТВ/ЖИТС бойынша біріккен бағдарламасы

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

Фото: © БҰҰ Қазақстан; ©БҰҰДБ Қазақстан; ©ДДСҰ Қазақстан;
©ХКҰ Қазақстан; © Катя Креер





**UNITED
NATIONS
KAZAKHSTAN**

Қазақстан Республикасындағы
БҰҰ Тұрақты үйлестірушісі кеңсесі

Мекенжайы: Ә. Мәмбетов к-сі 14,
Z11D8T7, Астана қ., Қазақстан

Телефон: +7 (7172) 696550

Email: rcs-kz@un.org

 kazakhstan.un.org

 @uninkazakhstan

 @uninkazakhstan

 @uninkazakhstan

